

Дөңгеленген дүниеде тағы дүрбелең. Армения мен Әзірбайжан арасындағы қақтығыс саябырсыған сәтте Францияда тағы бір даудың алауы тұтанды. Макронның өліміндегі дау-дамай мұғалімнің өлімінен кейін туындаған.

АҚМЕШІТ жастары

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат аларға ар.
Мен жастарға сенемін.
Маған



№ 44 (373)
05 қараша, 2020 жыл

Қызылорда облыстық жастар газеті

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ ТЫҒЫРЫҚТА ТҰР...



Оқирманға түсінікті болу үшін Франциядағы шығалаңның шығу тегіне тоқталсақ. Париждің іргесінде 47 жастағы мектеп мұғалімі Самюэль Пати кісі қолынан қаза тапты. Ол қаза-сынан біраз уақыт бұрын сөз бостандығы туралы талқылау кезінде оқушыларына Charlie Hebdo сатиралық басылымының Мұхаммед пайғамбар туралы карикатурасын көрсеткен. Осыдан кейін қоран-лукы көрген мұғалімді ақыры 18 жастағы этникалық шешен Абдулах Анзоров өлтіріп кетті. Ол твиттерге басы кесілген мұғалімнің суретін жариялап, оны пайғамбарды қорлағаны үшін «өлтіргені» айтқан. Анзоров қашып жүріп полиция қолынан қаза тапты. Осы жағдайдан кейін Франция президенті Эммануэль

шабуылға ұшыраған. Аталған сайттарда ислам мен Мұхаммед пайғамбардың жеңісіне үндеп, Францияның көзін жоюға шақырған ұрандар мен президент Макронның шошқа кейпіндегі суреттері жарияланды.

Көптеген ислам мемлекетінің басшылары Макронға қарсы ашу-ызаға толы мәлімдемелер жасады. Тәжікстанның премьер-министрі Иман Хан барлық мұсылман мемлекетін батыста өршіп келе жатқан исламофобияға қарсы күресуге үндеді.

Бұл жанжалдан Шешенстан басшысы Рамзан Қадиров та тыс қалған жоқ. Ол Макронды «Мұхаммед пайғамбардың карикатурасын қолдау арқылы француз президентінің өзі де терроршыға ұқсап, мұсылмандарды



Макрон мұғалімді аза түту рәсімінде ислам дегарысы жағдайында тұрғанын айтып, Францияның өркеніт құндылықтарын радикалды исламнан қорғауға шақырды. «Біз карикатура мен суреттерден бас тартпаймыз» деп күллі өлем алдында мәлімдеме жасады. Сондай-ақ Франция ішкі істер министрлігі ислам экстремизміне қатысы бар деген күдікке ілінген 231 адамды сол сәтте елден шығаруға бұйрық берді.

Ислам әлемі Франция президентінің мәлімдемесіне қызу реакция білдірді. Бангладеш, Индонезия, Пәкістан мен тағы бірнеше елде жаппай демонстрациялар өтіп, жиналғандар Францияның туы мен Макронның портреттерін өртей бастады.

Осы аптада Иордания, Катар, Кувейт пен Түркияда француз тауарларына бойкот жарияланды. Дүкен иелері бұл тауарларды сөрелерден алып тастаған. Францияда сейсенбіге қараған түні ондаған сайт (оның ішінде билік органдарының интернет-ресурстары да бар) исламистер тарапынан хакерлік

астыртын түрде теракт жасауға шақырып отыр» деп айыптады. Бірақ француз әріптесіне «психикасын емдеуге» кеңес берген Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған бәрінен асып түсті.

Ердоғанның бұл сөзі мен француз тауарларына бойкот жариялауға үндеуі Еуропаның наразылығына себеп болды. Макронды да жақтаушы мемлекеттер де бар екен. Атап айтсақ, «Ердоған тым төмен деңгейге түсті» деген Германияның сыртқы істер министрі Хайко Маас, Нидерланды мен Италияның премьер-министрлері Марк Рютте мен Джузеппе Конте Эммануэль Макронға қолдау білдірді.

Елдің мерейін тасытатын сала спорт болса, бүгінде Францияның туын көкке көтеріп жүрген спортшылардың дені мұсылмандар екенін ескерген жөн. Француздардың басшысы Макрон өз мәлімдемесінен кейін атақты саңлақтарынан көл үзіп қалды. Қазір ислам дінін пір тұтатын спортшылар Франция атынан сайысқа түсуден бас тартып отыр.

Жас балаша бүрсен қағып, сәл суық тисе бүк түсетін уақыт таяды. Жыл сайын тұмау мен вирустың тұрғындарды айналып өтпейтінін білсек те, қызу жоғарылап, бас көтертпейінше салғырт жүре беретініміз бар. Қас қылғанда қиналған сәтте күнделікті өмінің бірі де өсер етпей, соңында дәрігердің дегеніне жүгінетінімізді несіне жасырайық?! Осы аптада маңызды, бірақ елеусіз көрінетін қателіктерді қайталамас үшін сақтану шаралары жайлы дәрігермен тілдестік.



Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай...

Гүлдана ЖҰМАДИН

Биылғы «вирустың» жайы бұрынғыдан өзгереді. Әзірге дертке шипа болатын вакцинаның да табылмай тұрғаны рас. Белгілісі, сақтану шаралары ғана. Бүгінде «беттерде тагу, көпшілік орынға бармау» сынды қарапайым қағидалардан бөлек, ел арасында түрлі өмінің «табылып» жатқаны да өрік емес. Ал бізге маңызды әрі шынайы ақпаратты №3 қапалық емхананың пульмонолог-дәрігері Ұлмекен Бақытжанқызы елге-тегжей түсіндіріп берді.

— Күз мезгілінде ауа температурасының төмендеуіне байланысты адам ағзасы суықтан қорғануды қажет етеді. Әдетте жоғары тыныс жолдары, мұрын қуысы, жұтқыншақ сүзгі қызметін атқарып, сырттан келген ауаны жылытумен қатар ұсақ микробелшектерді ұстап қалады. Ал эпидемия кезінде адамдар жиі шоғырланған жерде вирус көп таралады, соның өсерінен тыныс жолдарының шырышты қабаты қорғаныш қызметін толық атқара алмайды. Осыдан соң вирус шырышты қабыаттан қан айналым жүйесіне түсіп, бүкіл ағзаға таралады. Сондықтан қазірден бастап тұрғындар аурудың алдын алғаны дұрыс.

Вирустан қорғану үшін ең алдымен тұмауға қарсы екеп алу керек. Маусымдық екпені қазан айының соңы мен қараша айының басында салдырған жөн. Себебі екпенен соң ағзада екі апта көлемінде тұмауға қарсы иммунитет пайда болады. Күн катты салқындамай тұрған кезде иммунитет қалыптасса, ағза вирусқа оңай төтел бере алады. Екіншіден, құнарлы тамақтанып, дәруменге бай тағамдар тұтынған абзал. Таңертеңгі және кешкі уақытта мұрын және ауыз қуысын тұзды сумен (теңіз немесе аз тұз) шаю да артық етпейді. Сондай-ақ сыртқа шыққанда жылы киіну, маска тагу, қолды жиі жуу, үй ішінде ауаны желдетіп тұру сынды қарапайым сақтық шаралары вирус жұқтырудың алдын алады, — дейді Ұ. Бақытжанқызы.

Көпшілік суық тигізген сәтте вирустың ағзада қалып қойынан қоржыда, алайда маман бұл жағдайға алғадауға негіз жоқ екенін айтады.

Тек вирусқа қарсы антиденелер адам ағзасында бірнеше ай бойы сақталуы мүмкін екен.

— Біршама жұқпалы аурулар жыл мезгіліне байланысты өршиді, мысалы тұмау күз және қыс айларында, ал ішек инфекциясы жаз мезгілінде жиі кездеседі. Бірақ осы жайға қарамастан Қытайда қыс мезгілінде тарған коронавирус инфекциясы біздің елде жаз маусымында көбейді. Кейбір сарапшылар вирустың жоғары температура кезінде жойылатынын айтса да, бұл ақпаратқа өзін ешқандай негіз жоқ. Сондықтан тұрғындар мезгілге қарамастан денсаулығына жауапкершілікпен қарағаны дұрыс.

Балаларды қазірден бастап саламатты өмір салтын ұстануға үйреткен жөн. Бұл дағды баланың көңіл-күйі көтеріңкі болуына, сондай-ақ дені сау, шымыр болуына ықпал етеді. Таңертең жаттығу жасау, таза ауада жиі серуендеу, күнделікті тамақ рационында жеміс-жидек, көкөніс жеу, С дәрумені бар бал, зімбір, лимон сынды тағамдарды жиі тұтыну керек. Бұл тұмаудың алдын алады. Сондай-ақ балалар үшін де маусымдық екпе алу маңызды, — дейді білікті маман.

Вирус ауа тамшылары арқылы таралатыны белгілі, сондықтан тұмау науқас адаммен сөйлескенде, түшкіргенде немесе жөтелгенде келесі адамға жұғуы мүмкін. Сондықтан маман қарт кісілердің де барынша үйде болғаны жөн екенін айтады.

— Суық тиген жағдайда науқас өзін-өзі оқшаулау керек. Мүмкіндігінше басқа адамдармен байланыстары дұрыс. Көп мөлшерде суықтық қолданып, дәріні тек дәрігер кеңесінен кейін қабылдағаны жөн.

Соңғы уақытта ғаламторда халық емі жайлы көп ақпарат таралады. Бір ескеретін жайт, әр адамның ағзасы емді әртүрлі жағдайда қабылдайды. Мысалы, науқаста асқазан жарасы немесе асқорытудың басқа да ақаулары болса сарымсақты мүлде қолдануға болмайды. Кейбір кісілер аш қарынға қабылдаса, бұрын болмаған асқазан ауруына тап келуі де мүмкін. Сондықтан дәрігер кеңесінсіз халық еміне жүгіну дұрыс емес деп ойлаймын, — дейді дәрігер.



Дамудың үлгісі

3



Өсімдікті топырақсыз өсіреміз

4



Баспана: Тиімді бағдарлама қайсы?

5



Марқасқа Марадона

7



ШТАБ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ


Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы республикалық ақпараттық-ағартушылық штаб жетекшісі Бірза Тұрсынзада және агенттіктің парасаттылық департаменті директоры Ғанижан Асанұлымен кездесті. Аймақ басшысы қоғам алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ақпараттық үгіт-насихат жұмысының маңызы зор екенін айтып, өңірде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы бір қатар жобалардың тиімділігіне тоқталды.

— Бүгінде халықпен ашық сұхбат құру және ақпараттандыру шаралары арқылы тұтастай қағидаларын кеңінен дамыту — қоғам үшін өте маңызды іс. Облыста бұл бағыттағы жұмыстар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына және өңірде арқылы бекітілген салалық бағдарламаға сәйкес атқарылуда. Қазіргі кезеңде өңірде «Ақмешіт — адалдық алаңы» жобалық кеңсесі белсенді жұмыс істейді. Мемлекеттік қызметшілердің халыққа ашықтығы мен қолжетімділігін күшейту үшін Ореп сары жобасы жолға қойылды, — деді облыс әкімі.

Аймақта «Ақмешіт — адалдық алаңы» жобасы аясында Қызылорда қаласы және облысқа қарасты 7 ауданда жобалық кеңселер ашылды, құрамында әр салаға жауапты мамандар бекітілді. Сонымен бірге 53 мекеменің қызметі Ореп сарыс форматына, 11 мекеменің қызметі «Сервистік ашық өңір» форматына ауыстырылды. 210 мекеме басшысының қызметтік белгелері бірінші қабатқа көшірілген.

Кездесуде штаб жетекшісі Бірза Тұрсынзада сыбайлас жемқорлық тәуелсіз төмендету бағытында үгіт-насихат жұмысының оң өзгерісін, қоғамдық санаға жаңыртуда адалдық, адамгершілік принциптерін өңіру қажеттігін айтты. Ал департамент директоры Ғанижан Асанұлы құқық бұзушылықтарды төмендету арқылы қоғамдық өсу мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік болатынын кәріпеге салды.

Былғы 9 айдан қорытындысымен сыбайластық сипаттағы бұзушылықтар 25%-ға төмендеген. Бүгінде 170 мемлекеттік қызметтің 148-і автоматтандыру жүйесіне көшірілді. Кездесу соңында облыс әкімі штаб жетекшілеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жобалардың ұдайы іске асатынын кәріпеге салып, бірлескен жұмыстар үшін алғыс айтты.



БІЗБЕН БІРГЕ

Қала жастары арасында волонтерлықты насихаттау және волонтерлық туралы оң пікір қалыптастыру мақсатында қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Бізбен бірге» Қоғамдық қоры мен Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «BIRGEMIZ» бейне конкурсы ұйымдастырылуда.

Қатысушылар волонтерлық ұйым немесе топ жұмысы «Болонтер деген кім?», деген тақырыпта және волонтер болуға насихаттайтын бейне роликтің ұсына алады. Конкурсқа 14-29 аралығында кез келген жас қатысады.

Қатысуға ниетті жас 2020 жылдың 13 қарашаға дейін bizbenbirge@mail.ru электронды мекен-жайына бейне ролик жіберуі керек. Бейне презентация 2-5 минут болуы тиіс. Сыйлық қоры I орын — 15.000 теңге, II орын — 10.000 теңге, III орын — 5.000 теңге.

АДАМ ЖАНЫНА АРАША БОЛА АЛАСЫЗ БА?



Қоршаған ортамызды, яғни аялдамада, дүкенде, көшеде және т.б. жерлерде өзін жайсыз сезініп, жүрегі қысылған, басы айналып құлаған, мұрыннан қан жеткен, аузынан көбік алып жатқан адамды көрсеніз, алғашқы медициналық көмек көрсете аласыз ба? Ал облыс аумағында болып жатқан әртүрлі іс-шараларға атсалысып, қатысып жүрген еріктілер ше? Адам үсігенде, судан шығарғанда, жарақат алғанда бірінші болып көмек бере ала ма? Қысыптан шақта адам өмірін құтқара ала ма? Себебі, алғашқы медициналық көмек берудің басты қағидаcы — алғашқы секундарта дұрыс әрекет ету арқылы дәрігерлер келгенше адамның өмірін сақтап қалу.

Еріктілерге алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі қағидаларын түсіндіру, медицинашы алғы шарттарын ұғындыру, ептілікке, жылдамдыққа, мейірімділікке, ұқымшылдыққа баулу мақсатында ағымдағы жылдың қараша айының 4-і күні «Болашақ» жоғары медицина колледжі және «Қазақстан еріктілерінің лигасы» жастар ұйымы қала еріктілері арасында «DENSALYQ LIFE» алғашқы медициналық көмек көрсету сыйлығы өткізді.

Сыйлық 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең «Медицинашы алғы шарттар» деп аталды. Бұл сыйауға әр қатысушыға қол жүзі, медициналық қолғап киіп-шешу, мақпа киіп-шешу ережесін көрсету тапсырмасы беріліп, команда басшысына COVID-19 туралы сұрақ қойылды. Сыйауының «Сенің әрекетің» атты екінші кезеңінде командада ситуациялық сұрақтар беріліп, қатысушылар үстел үстіне қойылған медициналық құралдарды пайдалана отырып, мысалмен жауап берді. «Кім жылдам?» деп аталатын үшінші кезеңде жасырылған медициналық белгілері бар стикерлерді жылдам жинау шарты қойылды. Көп стикер жинаған команда көп ұпайға ие болды. «Өмір — қымбат» деп аталған соңғы кезеңде қатысушылар симуляциялық орталықта өкпе-жүрек реанимациясын көрсетті.

«Болашақ» жоғары медицина колледжінің психологы А.О. Көпжасар еріктілерінің ұйымдастырушылық қабілетін, дарынын, мінез қырын анықтауға арналған психологиялық тест жүргізді.

Сыйлық қорытындысы бойынша бас жүлдені «Медишл», I орынды «Зиялылар», II орынды «Антисептик», III орынды «Антивирус» командалары алды. Сондай-ақ, сыйлық барысында ең жән-жақты көрсете білген жастарға «Жылдам ерікті», «Ақылды ерікті», «Білімді ерікті», «Етті ерікті» номинациялары берілді.

Өзін құрметтейтін әрбір адам баласы өмір сүруге қажет қаржылық, діни, медициналық, құқықтық сауаттылығын арттырып отыру керек. Медицинашы алғы шарттар мен алғашқы медициналық көмек көрсетудің негіздерін үйреткен бүгінгі сыйластан жастардың алары көп болды деп ойлаймын.

Аида СМАИЛОВА

«САМҒАУ» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ



Қаланың озық жастарына «Самғау» жастар сыйлығы табысталды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов мәлімдеді. Қызылорда қаласының жастарына арналған «Самғау» сыйлығы бұған дейін 8 жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

«Самғау» сыйлығын құжат қабылдау 2-23 қараша аралығында жүргізіледі. Ереже талаптарына сәйкес сыйлыққа үміткер ретінде 14 пен 28 жас аралығындағы Қызылорда қаласының жастары қатыса алады және арнайы құрылған комиссия қорытындысымен лайық деп табылған 10 жасқа 100 мың теңге көлемінде сыйлық табысталады.

«Самғау» жастар сыйлығы — 10 аталым бойынша, яғни білім мен ғылым, журналистика, қоғамдық қызмет, спорт, медицина, мәдениет, кәсіпкерлік, өндіріс салаларында табысты еңбек етіп, өз саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрген және ерен еріктілік танытып, бейбіт күнде батырға тән ерік көрсеткен жастарға табысталады. Сонымен қатар қоғамның жалпы дамуына қосқан үлесі мен инновациялық идеяларына басымдық беріліп, жаңашыл бастамалары есепке алынады, — деді қала әкімінің орынбасары А. Есжанов.

Айта кетейік, қатысушының жетістіктері соңғы 3 жыл көлемінде болуы шарт және осы сыйлыққа деңгейлес байқауларда жеңімпаз атанған азаматтар қатыстырылмайды.

BIRGEMIZ QYZYLORDA



Қосыл қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен волонтерлық лагерь өтті. Лагерьге 20-ға жуық волонтерлік жастар ұйымдары мен белсенді бастамашыл топ өкілдерімен барлығы 80 ерікті жас атсалысты. Мақсат — волонтерлік ұйымдар арасындағы еріктістік байланысты нығайту.

Лагерьде волонтерлар 3 топқа бөлініп, волонтерлік қызметке қажет ететін тәжірибелік, құқықтық, медиа білімін жетілдірді. I топ тренеры Сабыржан Кеншілік жәртігі және халықаралық деңгейдегі волонтерлік тәжірибелер туралы тренинг жүргізсе, II топта «Волонтерлік ұйымдардың жұмысын құқықтық сауатты жүргізу» тақырыбында Жақып Шаймұханбетұлы құқықтық дәріс берді. Ал, III топ тренеры Асхат Әбдіразақ волонтерлік қызметті өзгелерге насихаттауды заман талабына сай әлеуметтік желілерде жүзеге асырудың тиімді жолдарын талқылады. Әлеуметтік желіні қалай сапалы жүргізу, қажетті аудиторияны тарту жолдары, әдемі суреттер мен мәтін жазу сырлары және өзге де инстаграм фишкаларымен белісті.

Жобаның аясында волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топ өкілдерінің қатысуымен Тағзым алаңы маңында эко-акция жүргізілді. Қатысушылар мәдени және тарихи дәмалыс аймақтарында тазалық жұмыстарын жүргізу арқылы қала жастарын тазалыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге шақырды. Қатысушылар сертификат және бағалы сыйлық табысталды.

Бекен ҒАЛИМЖАНҰЛЫ



ЖИНАҚ КҮНІНЕ ОРАЙ

Жастардың қаржылық сауаттын арттыру — бүгінде өзекті мәселе. Халықаралық жинақ күніне орай облыстық жастар ресурстық орталығында «Қаржы сауаттылығы» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Қызылорда облыстық филиалының қолдауымен өткен шараға Жастар орталығы жанындағы «Волонтерлар фронт» орталығы, «Ашық жүрек» волонтерлер лигасы, Qazvolyne мүшелері, «Жас отан» ЖҚ мүшелері, пробацция есебіндегі жастар қатысты.

— Қаржылық сауатты арттыруға бағытталған шараға қаламыздың белсенді жастары ретінде келдік. 3 кезеңнен тұратын сыйауға 7 топқа бөлініп, болашақ ұйымның мәнін жасады. Үй салуға кеткен қаржыны қалай жинайтынмызды, қандай бағдарлама арқылы баспана алуға болатынын білдік. Мұндай шаралар алдағы уақытта тұрақты өтетін болса, жастардың қаржылай сауаттын арттырып қана қоймай, болашақта ақша жинауға деген ынтасын арттырады сөзсіз, — деді №138 мектеп мұқалы Айгүл Жаппасарова.

Мотивациялық шарада кәсіпкерлік негіздерін «Қызылорда бизнес хаус» сервистіктің директорының орынбасары Жанарыс Түбекбаев, баспанылы болудың мүмкіндіктерін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалы директорының орынбасары Лияс Мұхатұлы.

Шара соңында жеңімпаз командаларға арнайы қаржылық сауатты арттырды деген сертификат табысталып, Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі тарапынан бағалы сыйлықтар табысталды.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ

Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында «Назарбаев моделі — XXI ғасыр сын-қатерлеріне стратегиялық жауап» атты жас ғалымдардың халықаралық форумы аясында «Пандемия уақытындағы цифрландыру: жаңа талаптар мен үрдістер» тақырыбында онлайн-конференция өтті.



Шараға Сингапур ұлттық университетінің өкілі, жергілікті атқарушы органдар, ұлттық және жеке IT компаниялар, отандық жоғары оқу орындарының өкілдері қатысып, қызмет көрсетудің онлайн форматы, қашықтан оқитуды ұйымдастыру және интернет сапасы туралы мәселе көтерді. Сингапур ұлттық университеті халықаралық бағдарламалық жүйелік ғылымдар институтының басшысы Ашок Кумар бейнебайланыс арқылы қосылды. Ол бүгінде IT-маман, мерчендайзер, бета-тестер мамандары жоғары жалақыға ие екенін, мобильді қосымшалардың арнайы бағдарламасын жазатын маманды, әлеуметтік желі менеджерін іздеушілер де көп екенін алға тартты.

Шара барысында Қызылорда облысы цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Трениасова өңірдегі атқарылған шаралар жайлы айтты. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Қызылорда облыстық филиалының басшысы Айдын Қайырұллаев, Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Бейбітүл Керімова, «Центр устойчивого развития столицы» ЖШС Smart city жобасының жетекшісі Қанат Қаржыманов баяндама жасады.

— Өлем жұрттың алаңдаған пандемия мемлекеттік қызметті онлайн форматқа көшіру процесін әлдеқайда жеделдетті. Қазіргі кезде азаматтар үйден шықпай-ақ, кез келген жерде смартфон мен компьютер арқылы қызметтердің 80%-дан астамын онлайн алуға мүмкіндігі бар. Бұрын тұрғындар бала тууына байланысты жәрдемақы мен балабақша кезегіне қою, «Алтын алқа» және «Ұлан алқа» иегерлері жәрдемақы алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп, құжат өткізетін. Бүгінде бұл қызметтерді бір ғана СМС-тің көмегімен проактивті түрде алуға мүмкіндік жасалды. Біз мұнымен тоқтап қалай, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мен онлайндауды бойынша одан әрі жұмыс істейміз, — деді филиал директоры Айдын Бекенбайұлы.

Баяндама барысында сала өкілдері біршама мәселе көтеріп, оны шешу жолдарын ұсынды.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

БӘСКЕЛЕСТІК ПАРТИЯ АРАСЫНДА



Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты 2021 жылдың 10 қаңтарында өтетінді баршаға аян. Осы мақсатта Өңірлік коммуникациялар қызметінде ел аумағында өтетін саяси науқанның өту заңдылығы баяндалды. Шараға облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Қонақбайұлы, облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қожамжар Наурызбаев және облыстық сайлау комиссиясы хатшысы Аяғөз Мұратбекқызы қатысты.

— Жоспарға сәйкес Парламент Мәжілісіне кандидаттарды ұсыну кезеңі ағымдағы жылдың 10 қарашасында басталып, 30 қарашаға дейін жүргізіледі. Мәслихат депутаттарына кандидаттарды ұсыну 10 қарашадан басталып, 4 желтоқпандан аяқталады. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары 2021 жылғы 17 қаңтардан кешіктірмей ҚР Орталық сайлау комиссиясы анықтайды. Ал мәслихат депутаттары 2021 жылғы 15 қаңтардан аумақтық сайлау комиссиялары анықтайды, — деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймұраев.

Билығы сайлаудың басты ерекшелігі, депутаттық мандатқа үміткерлер тізімін партия енгізеді. Саяси науқанға Әділет министрлігінде 6 саяси партия тіркелген. Бірлескен сайлауда облыс, қалалар мен аудандарда дауыс беретін азаматтарға үш бюллетень беріледі. Бірі — мәжіліс, екіншісі — облыстық мәслихат, үшінші бюллетень қалалық немесе аудандық мәслихат депутаттарын таңдауға арнаған. Осылайша үш бюллетень бөлек саналып, нәтижесі де бөлек шығарылады.

Қызылорда облысы бойынша облыс, қала және аудан мәслихатына сайланатын депутаттар саны — 152. Атап айтсақ, облыстық мәслихат депутаттарына — 33 мандат, Қызылорда қаласы — 22 мандат, Арал, Қазалы, Шиели, Жаңақорған аудандарында — 15 мандат. Қармақтың ауданында — 13, Жалағаш, Сырдария аудандарында — 12 мандат айқындалды. Партиялық тізім бойынша мәслихат депутаттарына сайлау алғаш рет өткізіліп отырғандықтан, сайлау жарнасын барлық партия өзі енгізеді. Саяси партия өз қаражатын жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңда белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді, яғни 212 500 теңге. Облыстық бюджеттен қаржыны әрбір үміткер бұл жарнаны өз қалтасынан төлесе, енді жарнасын партия төлейді.

— Билығы сайлаудың басты ерекшелігі ретінде бұрын облысымыздан 147 депутат сайланатын болса, биыл 152-ге артты. Сонымен қатар сайлауда әйелдер мен жастарға 30 пайыз басымдық беріледі. Бұрынғыда депутаттар арасында дебат өткізілмеді. Бәсекелестік партия арасында болады. Шетелдегі азаматтар үшін 56 мемлекетке сайлау үчаскесі ашылды, — деді облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қожамжар Наурызбаев.

Облыс бойынша 385 сайлау комиссиясында 2817 мүше жұмыс істейді. 9 аумақтық сайлау комиссиясы, 376 үчаскелік сайлау комиссиясы жұмыс атқарады. Облыстық бюджеттен комиссия мүшелерін электоралды оқытуға 32 млн теңге бөлады, қарапай, 1176 комиссия мүшесін оқыту қараша айының 10-ы мен 20-сы аралығында қаскадты әдіспен өткізіледі.

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

Бетті дайындаған: Мәлдір САБЫРЖАН

ДАМУДЫҢ ҮЛГІСІ

Өткен аптада «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры БАҚ өкілдеріне пресс-тур ұйымдастырды. Мақсат – «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде қолдау тауып, нәтижеге қол жеткізген бірнеше кәсіпорынның жұмысымен таныстыру. Бүгінде кәсіпкерлік бағыты кеңейіп келеді. Пандемияға қарамастан жұмысын жандандырып, ірі көлемде тапсырыс алып отырған компаниялар бар. Пресс-тур барысында аралаған үш нысан «Даму» қолдауымен қанат жайған. Бірінші бағыт – Dalatex тігін фабрикасы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Қай дүкенге барсаңыз да Dalatex-тің көйлегін көзіңіз шадады. Бағасы да әдемі, матасы да жақсы. Сапалы өнім екенін тез аңғаруға болады. Әуелі ерлердің жейдесін тіккен фабрика кейіннен қыздардың көйлегін де нарыққа шығарды. Ал төтенше жағдай кезінде елге беттерде жетпегенде бұл істі де қолға алды. Таңғы 9-да жұмысын бастайтын тігіншілер түнгі 10-ға дейін де тігін машинасын тосуды. Жұмыс қауырт, тапсырыс уақытылы



жету керек. Есесіне жалақысы да еңбегіне татырлық. Сондай-ақ еңбек ақысы уақытылы төленеді. Бүгінде бұл компания арнайы киімдер тігуде. Фабриканың балаларға арналған мектеп формасын да тіккені белгілі. Ол кезде де отандық өнімге сұраныс артқан. Жейденің балаларға да



арналған кез келген үлгісі сатылымда. Атапмыз фабриканың пандемия кезіндегі қайырымдылық шаралары үлгі етуге тұрарлық.

– Тігін фабрикасы бастады, өзгелер қоштады. Сыр өңірінің халқы қайырымды екенін тағы бір дәлелдеді. Ел басына күн туған шақта, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, халыққа жанашырлық танытты. Мүмкіндігінше көмегін амады. Соның бірі – беттерде тігіп, тегін тараттық, – дейді Dalatex тігін фабрикасының атқарушы директоры Нұрғұл Кусаева.

Фабрикаға жүрген бойда тігін машинасынан бас кетпей отырған қыздарды аңғаруға болады. Әрқайсысы өз жұмыстарын атқарып отыр. Жан-жағына жалтақтап, әрі-бері жүрген адамды байқамайсыз.

Dalatex – бүгінде нарыққа отандық өнім шығаратын бірден-бір тігін фабрикасы. Компания өндірген тапсырыс шет елдерге экспортталуда. Фабрика бүгінде 45-ке жуық адамды жұмыспен қамтуда. Сондай-ақ компания жылына 70-80 мың жейде тігеді.

Фабрика ашылғалы бері осында қызмет етіп келе жатқандар көп. Соның бірі – Майра Асылбекқызы.

– 1997 жылдан бері тігін машинасы қолымнан түскен емес. Тігіншілік – қашанда сұранысқа ие мамандық. Өзіресе бүгінгі күні бәріміз сәнді әрі талғамен киіміміз келеді. Қанша мамандық болса да, бұл өнерге деген сүйіспеншілігім ерекше. Сол үшін әлі күнге дейін киім тігіп, құрақ көрпе құраудан бір қадам да алыстамадым. Ертеден өміршеңдігін жоймаған бұл өнерді тұтынушы талғамағына және заманға сай үлгіде нарыққа ұсынып жүрміз, – дейді тігінші Майра.

Тігін шеберханасы мамандарды өздері де дайындап шығарады. Жұмыс істейтін маман, сөз жоқ, отандық өнімді арттыруға үлес қосады. Былтыр берілген мектеп формаларының барлығы да осы тігіншілердің қолынан шыққан.

– Бүгінде фабрикада 50-ге тарта адам жұмыс істейді. Оның ішінде тігіншілердің көпшілігі арнайы білім алған. Кейбір қыз-келіншектерді өзіміз үйретіп, мамандандырып жатырмыз. Dalatex әлеуметтік жағдайдың реттелуіне де үлес қосады. Халықты отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, үлгіде отырған жұмыссыз қыз-келіншектердің табыс табуына ықпал етті. Қазір фабриканың жанында тігіншілерді оқытатын оқу орталығы ашылды. Орталықты бітірген тігіншілерді жұмысқа алуға мүдделіміз, – деді Dalatex атқарушы директоры.

ЖАН-АРАЙ: ТӨҮЛІГІНЕ 150 ТОННА КҮРІШ


“Жан-Арай” 150 тоннаға жуық күріш, 170 тоннаға жуық ұн шығаруда. Қазіргі таңда агрокешенде 250-ге жуық адам жұмыс істейді.

Күріш өңдеу жұмыстары халықаралық стандартқа сәйкестендірілген. Зауыт аумағында шикізатты, дайын өнімді сақтайтын қоймалар, автотаразы, арнайы зертхана, қаптау цехи мен дүкен орналасқан. Зауыттан шыққан күріш



Тәжікстанға, Түркіменстанға, Өзбекстанға экспортталады.

– Алдағы уақытта көтерме сауда орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Ғимараты дайын. «Даму» қорының қолдауымен банктерден несие алып, жабдықтау қажет.



Сондай-ақ 4 гектар жерге жылыжай салу да ойда бар. Қазір жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Екінші деңгейлі банктермен жұмыс жасап, «Даму» қоры арқылы субсидия алып, құрылыс-монтаж жұмыстарын бастағымыз келіп отыр, – деді «Жан-Арай» ЖШС директоры Мұрат Айменов.



«ҚР колледждерінің ТОП – 100 студенті» республикалық жобасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы дарынды, білімді әрі бәсекеге қабілетті студенттерді анықтау мақсатында ұйымдастырылған. Жобаға қатысушы студенттер үшін кезек бойынша бақ сынап, республикалық іріктеуге сүрінбей өткен.

– Республикалық кезек қазан айында басталды. Жоба шарты бойынша өзімізді таныстыру мақсатында әр 3 минуттан аспайтын бейнеролик дайындалды. Мен «Күстаз болу – ұлылықты айнасы» деген тақырыпта мұғалім мамандығының қадір-қасиеті, қоғамда алар орны, ел болашағы үшін маңыздылығын қамтып өссе жаздым. Жалпы, болашақ мамандығым қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған соң, оның үстіне қолға қалам алып, елге жазып жүрген мен үшін өсе дайындап, шығармашылықпен айналысу қиынға соқпады. Ал видео дайындау барысында біраз креативті ойлап, жаңаша дүние жасауға талпындық. Бұл жоба менің шығармашылығымды одан әрі дамыту түсімім десем де болады. Өткен жылы осы жобаға колледждер 3 студент қатысып, үшеуі де финалда жеңімпаз атанған еді. Быыл аға білім салған ізбен біз де бағымызды сынап көрдік, – дейді Бекзат Ешмуратов.

Жобадан қан-жақтылымымен көзге түскен Аязат – болашақ ағылшынша білім бар бастауыш топтың мұғалімі. Зерек те қаіпесз бейіткен бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу оңай емес, әрі ағылшын білімі бар бастауыш сыныптарға сабақ беретін жас маманға жаңашылдық керектігін айтады.

ҰЛЫ АҚЫҢҒА ТАРТУ

Ұлттық киім туралы айтылғанда алдымен Аида Керімқұлова еске түседі. Себебі ұлттық киімді насихаттап жүргендердің бірі – Аида. Көз майын таусып тіккен киімдерінің жөні бөлек. Мәселен, бір көйлек 2 ай уақытта тігіледі. Бездендіру мен мойшақтарын есептей беріңіз. Пресс-тур барысында “Сапа КА” жеңілөнеркәсіп орталығына бас сұқтық. Бұл орталыққа қазақы нақыштағы киімдерден бөлек, қыз жасауы, құрақ көрпеше мен жастық тігіледі. Қаланың қақ ортасында “Көленер” деген дүкені бар. Өзіңізге керек дүниенің бәрін сатып алуға болады. “Менің ұлттық нақыштағы киімдерімді, бұйымдарымды сататын арнайы дүкенім бар. Тапсырыс өте көп деп айта алмаймын. Дегенмен бүгінде ұзатқа, үйлену тойына қазақша киімдерге сұраныс артты. Бейнероликке түсу үшін де сатып алып жататындар бар”, – дейді кәсіпкер әңгіме барысында.



Бүгінде «Сапа КА» өнімдері 3 цехта өндіріледі. Цехтарды бір жерге шоғырландыру үшін басталған зауыт құрылысы карантинге байланысты әзірге тоқтап тұр.

– Орталық жұмысын автоматтандыруға көңіл бөлінуде. Қазалы, Арал, Шиезі аудандарында керемет көленершілер бар, бірақ енді аппаратпен кестелеуге басымдық береміз. Жеңіл өнеркәсіп саласы Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде жақсы дамыған, сондықтан сол елдерден мамандар шақырып, қызметкерлерді осы жабдықтармен жұмыс істеуге даярладық. Былтыр «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша «Даму», «Атамекен» кәсіпкерлік палатасындағы мамандардың сүйемелдеуімен үлкен жобаны іске асырдық. Пандемия уақытында мүлде

демағалн жоқпыз. Маска тігуден бөлек, арнайы технология бойынша қорғаныш костюмдерін дайындадық. Шетелден шикізат әкелу жағы қиын болды. Жұқ ұшақтары тоқтап қалды. Бірақ Ресеймен арада почта байланысы болғандықтан, шикізатты сол елден алдырдық, – деді А.Керімқұлова.

Аида Керімқұлова ұлттық киімдерді тігумен 20 жылдан бері айналысып келеді. Ол кәсібі тігінші, білікті дизайнерлердің бірі.

Бір топ тілші шеберханада орналасқан киіз үйге бой түзеді. Оның іші ұлттық киімдер, ұлттық жәдігерлермен толыққан. Бұл жер отбасын құруға бел буған жастар үшін фотосессияға айналған. Бұл да жағымды жаңалықтың бірі.

– Біз әлі күнге дейін қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлілігі мен әдемілігіне таңғалумен келеміз. Ұлттық өрнектердің көптеген техникасы мен мазмұны бар. Тіпті ертеректегі ою-өрнекті алғаш шыққан күйінде қолдасқан та маңыздылығын жойған емес. Ұлттық, этникалық киімдер осынысымен де қызық. Бүгінде жастарды отанышылдыққа тәрбиелеу өзекті болып отыр. Ұлттық нақыштағы киімдерді заманауи сұранысқа сай етіп тігу арқылы ұлттық рухты оятамыз деп білемін. Санға жету қиын, алайда ұлттық нақыштағы киімдер әрдайым өзектілігін жоғалтпайды, – дейді Аида Керімқұлова.



Пандемия кезінде демалмай жұмыс істегендердің бірі – “Сапа КА” орталығы. Мұнда төтенше жағдай кезінде қаншама беттерде дайындалып шықты. Сонымен бірге кәсіпкер қайырымдылыққа да аталысып, беттердені тегін таратты. Аида Керімқұлова Ұлы ақынның 175 жылдығында да қалыс қалған жоқ. Олар арнайы Абайдың портретін тікті. Бұл портреттер тапсырыс бойынша тігіліп, шет елге жіберілді. Бір данасы киіз үйдің ең жоғарғысында ілулі тұр. Тігу барысында көптеген киімдер тар болған. Дегенмен де еңбек ақталды.


“Даму” кәсіпкерлікті дамыту қорының кәсіпкерлер үшін тиімділігі мол. Кәсібін ашып, әрі қарай дамытуды қолға алғандарға бұл қордың пайдасы ұшан теңіз. Ал біз бой көрсеткен үш нысанда бұл бағдарламаның тиімділігін көрген.

– Биыл екінші деңгейлі банк арқылы кәсіпкерлерге көмек көрсетілуде. Пандемия кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге алған несиесін 6 процентке дейін түсіріп беру жұмысы жасалуда. Біз кәсіп ашатын деген азаматтарды әрдайым қолдауға дайынбыз, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалының бас маманы Арман Усенов.

Мәлдір САБЫРЖАН

ЖҮЗДІКТЕ ЖҮЙРІК ШЫҚҚАҢДАР

Жырада Білім және ғылым министрінің ұйымдастыруымен «ҚР колледждерінің топ – 100 студенті» республикалық жобасы өтті. Аталған жобаның республикалық іріктеу кезеңіне аймақ бойынша 17 үміткер өтініш білдіріп, ақтық сында 3 жеңімпаз үздік деп танылды. Білім бәсекесінде биіктен көрінген үш мықтының екеуі М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенттері екенін айта кеткен жөн. Бүгін оқуда озат, жобадан жүйрік атанған Бекзат Ешмуратов пен Аязат Сламбекова жайлы сөз қозғасқышымыз.



– Шынымды айтсам, оқу орнынан жобаға қатысып отырған алғашқы үміткер емеспіз. Жоғарыда айтты өткенімдей, былтыр үш қатысушы және тұтырып көрдік. Осыны ескере келе биыл бізге үлкен жауапкершілік артылды. «Сол нәтижені қайталай аламыз ба?» деген қорқыныш болғаны да жасырын емес. Алайда біз үздік жүздіктің қатарынан көріңдік. Естіген сәттегі қуаныш сезім бөлек дүние. Онымен дауыс беру нәтижесінде Қызылорда облысынан 17 үміткер қатысып, арасынан 3 қатысушы «ҚР колледждерінің ТОП – 100 студенті» қатарына кіруге лайық деп танылды. Ал, жобаның салтанатты марапаттау сәті дәстүр бойынша желтоқсан айында Нұр-Сұлтан қаласында өтеді деп жоспарланған, – дейді Аязат.

Айта кетейік, жеңімпаздар жобаның интернет ресурсында онлайн дауыс беру арқылы анықталған. Жоба шартында аймақтық кезеңнің жеңімпаздары республикалық кезеңге қатысуға өтініш беру үшін арнайы платформа қарастырылып, онлайн дауыс берілген.

– Үздіктер орнынан көрініп, сол тілгіме ену – үлкен қуаныш. Бұл жерде біз ғана жеңімпаз атанған емес, еңбек – оқу орнына ортақ. Осы жеңістің артында оқу орнымыз берген тәрбие, ұстаздар берген сапалы білім және біз үшін тақымын қысып отырған ата-ана мен до-бауырдың қолдауы тұр. Шын жүректен алдымен колледждің ұстаздарына, достарымызға және үздіксіз қолдауы үшін ата-анамызға рақметімізді айтырмыз келеді, – дейді оқу озаттары.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

AINALANY AIALA

DEREK PEN DÁIEK



Ақбота СТАЕВА,
«Taza Alem» жобасының белсенді еріктісі:

ҚАНША ЖИНАСА ДА, ҚОҚЫС АЗАЙМАЙДЫ

Жыл басында Мемлекет басшысы волонтерлар жылына орай «Biz birgemiz» жалпыұлттық жоспары аясында экологиялық еріктілікті дамыту бойынша «Birgemiz: Taza Alem» бағыты бар екенін айтты. Ең маңыздысы, енді экологиялық сағаттар бір реттік акция ретінде емес, жүзіліс түрде жүзеге асырылатын болады. Бүгінде экология саласында жаңа жобалар мен түрлі бағыттар бар. Аймақ еріктілері де қоршаған ортаның өзекті мәселелері бойынша өз жобаларын ұсынып, экологияның жақсаруына атсалысып келеді. «Taza Alem» бағытында жұмыс істейтін еріктілердің мақсаты да сол, тұрғындар арасында экологиялық сауаттылықты қалыптастырып, табиғатты жақсартуға күш салуда.

«Taza Alem» бағыты жұмысын бастағалы бері Ақбота Стаева шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Оның негізгі мамандығы – маркетинг. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің түлеп осыған дейін маркетинг, білім беру салаларында жұмыс жасаған. Қазіргі уақытта облыстық Жастар ресурстық орталығында жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлік саласы бойынша сүйемелдеу, кеңес және кәсіби бағдар беру бағытында қызмет етеді.

– Мен табиғатты жақсы көремін. Студент кезінде алғаш тауға көтерілген сәтте бір апта бойы зифория өсерінде жүргенім есімде. Тауға шығу, суға шомылу, саябақта серуендеу адамға ерекше қуаныш сыйлайды. Мен 8 сынып оқып жүргенде облыстың экологиялық жағдайы туралы зерттеп, жоба қорғадым. Қоршаған ортаның жағдайы туралы ойлар сол кезден басталды деп ойлаймын. Жаратушының тегі берген табиғат сыйын неге адамдар өз қолымен жойып жатыр деген сұрақтар жиі мазалайтын. Осыдан соң қоқысты қайта өңдеу, сұрыптау, пластик өнімдерді пайдалануды азайту сынды пайдалы тақырыптарға қызығушылық таныта бастадым. «Taza өлем» жобасы осы тақырып аясында білімімді арттырып, қаламыздың көркеюіне кішкене болса да үлес қосады деп сенемін, – дейді Ақбота Стаева.

Білімді әрі белсенді жаспен тілдесу барысында еріктілердің ағымдағы жылда көптеген іс-шараның сапалы жүргізілінуіне ұйытқы болғанын байқадық. Айталық, «Taza қала» экологиялық акциясын ұйымдастыру кезінде қаладағы арықтарды, дария жағалауын, алаңқайларды, «Сыр Самалы» қалалық жағажайын тазарту жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар шаһардағы көп қабатты үйлер аумағында, Б.Шөкенов



атындағы саябақта, Талсуат елдімекеніндегі балаларды оңалту орталығының аумағы, Тағзым алаңы, Теміржол паркінде тал отырғызу акциялары өткен. Тіпті көпқабатты үйлердің ойын алаңдарын қалыңа келтіру жұмыстары да назардан тыс қалмапты.

– Басқа қалаларда «плоггинг» деп аталатын жаңа фитнес-тренд қалыптасуда. Сол дүниені біз де ұйымдастырып көрдік. Плоггинг – жүгіруді қоқыс жинаумен біріктіретін экологиялық қозғалыс. Яғни бір өкпен екі қоянды атуға көмектеседі. Қарапайым жүгіру экологиялық акцияға айналады.

Қазір қала бойынша бұл бағытта атқарылып жатқан шаралар аз емес. Өкінішке қарай, қанша жинағанмен, қоқыс азаймайды. Әсіресе, жаз кезінде дария жағалауында демалушылар қоқыстарды сол жерде қалдырып кететінін байқаймыз, – дейді А. Ертаяқызы.

Экологиялық ахуалдың барынша жақсаруы үшін болысып жүрген ерікті бойжеткен аймақтағы құбылмалы ауа-райының тазалық жұмыстарына кедергі келтіретінін айтады. Әсіресе ұйытқы соққан жел

тазалап қойған аймақты қайта қоқысқа толтырып тастайды екен.

– Бұрабайдағы таудан үйілген қоқыс, қызғылт түсті Көбейтүз көлінің тұз бен балшығын алу арқылы жою, Алматыдағы лотостарды жуу осындай оңалғандар экологияға қарсы жасалған зиянды әрекеттің толық тізімі емес. Қазақстанның табиғи байлықтары адам әрекетінің нәтижесінде жыл сайын сарқылып барады. Енді олардың көбін қалпына келтіре алмаймыз. Мемлекет табиғи байлықты келер ұрпаққа қалдыру үшін барлық шараны жүзеге асыру керек. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 10 шілде күні Ұқиметтің кеңейтілген отырысында мектеп бағдарламасына «Бағдалардың экологиялық білімі» атты жаңа пән енгізуді тапсырды. Біз бұл бастаманы естігенде шынымен қуандық. Өйткені болашақ ұрпақты қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы тәрбиелеу керек.

Менің арманым – табиғатқа жанашыр азаматтарды көбейту. Экологиялық сауаттылықты арттыруға үлес қосқым келеді, – дейді А.Ертаяқызы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Өткен аптада Парламент Мәжілісінде Экологиялық кодекс жобасы қаралды. Жаңа кодекс табиғатты қорғаумен қатар, аймақтардың экологиялық ахуалын жақсартуды көздейді. Айта кетейік, құжаттағы маңызды шешімдердің бірі – «ластаушы төлейді» принципі.

Енді экологиялық төлемдердің қайда жұмсалатынын мәлімдеген Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев өндіріске ең озық қолжетімді технологияларды енгізудің арқасында еліміздегі экологиялық ахуал жақсаратынын атап өтті.

«Мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлеудің орнына қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау үшін барлық жағдайды жасауға тиіс. Бұдан басқа экологиялық залал болған жағдайда табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіруге міндетті.

Бірінші кезеңде мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, химия және электр энергетикасы салаларына қатысты 50 ірі кәсіпорынды ең озық қолжетімді технологияларға ауыстыру жоспарланған. Осы 50 кәсіпорынға жалпы ластанудың 80%-ы тиесілі», – деді Мағзұм Мырзағалиев жиын барысында.

Кодекс жобасында бірінші санаттағы ірі кәсіпорындарға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ОВОС) жүргізу туралы талап қарастырылған. Олардың тізімі қайта қаралады және негізінен экологиялық қауіпті объектілерге бас назар аударылады.

«Сонымен қатар қоғам өкілдері қоршаған ортаға әсерді бағалаудың барлық кезеңдеріне қатысады. Міндетті түрде бірінші санаттағы объектілердің қоршаған ортаға әсері бағаланады. Ал екінші санаттағы объектілер скринингтен өтеді. Яғни, қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу қажет немесе қажет емес екені анықталады. Үшінші санаттағы объектілер бойынша декларация қабылданады», – деді министр.

Бүгінде қолданыстағы заңнама бойынша табиғатты қорғау іс-шараларына эмиссия үшін түскен төлемдерді мақсатты жұмсау мәселесі де кодексте қайта қарастырылды. Соңғы жылдары жергілікті атқарушы органдар келіп түсетін қаражаттың тек 45% пайызын ғана қоршаған ортаны қорғауға бөліп келген.

«Осыған байланысты, заң жобасында жергілікті атқарушы органдар түсетін экологиялық төлемдердің есебінен 100% пайыз көлемінде табиғатты қорғау іс-шараларына қаржы бөлуге міндетті екені көрсетілген», – деді министр.

Айта кетейік, Кодексте өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелерін шешу мақсатында қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы терминология мен ережелер жалпықаралық талаптарға сәйкес келтірілген. Сондай-ақ жобадан қалдықтармен кезең-кезеңімен жұмыс істеуге бағытталған иерархия қарастырылған. Заңсыз қоқыс тастау мәселесін жүйелі түрде шешу үшін жаңа Экологиялық кодексте қоқыс шығаратын көліктерге GPS-датчиктерді міндетті түрде орнату мәселесі де қозғалды. Енді жаңа заң жобасы екінші оқылыма дейін жетілдіріледі.



ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІ ТЕҢ ПАЙДАЛАНАДЫ



Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық, Қараөзен және Сарыөзен, Қиғаш – Қазақстан мен Ресей мемлекетіне ортақ трансшекаралық өзендер. Екі ел су қатынастары бойынша 2010 жылғы 7 қыркүйектегі трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімге келген. Енді алдағы уақытта да қос мемлекет трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдаланады. Бұл жөнінде Новосибирск қаласында өткен трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясының отырысында айтылды.

Тараптардың тең төрағалары ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ерлан Нысанбаев пен Ресей Федерациясы Су ресурстары Агенттігі басшысының орынбасары Вадим Никаноров қатысқан кездесуде Жайық, Ертіс және басқа ірі өзендер бассейнінде зерттеулер жүргізуге арналған бірыңғай жол картасы бекітілді. Сондай-ақ жындыда тұрғындарды және экономика салаларын сумен қамту, ластанудың алдын алу, трансшекаралық өзендер суының азақы сынды мәселелер талқыланды.

Бүгінде жоғарыда аталған келісімге сәйкес трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясы және Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық, Қараөзен және Сарыөзен, Қиғаш өзендерінің бассейні бойынша 6 жұмыс тобы жұмыс істейді.

KUN RAIY

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ КӨТЕРІЛЕДІ

Қазгидромет мәліметінше, 5-7 қарашада ауа температурасы біртіндеп жоғарылайды.



Алдағы үш тәулікте Қазақстанның басым бөлігінде қолайлы ауа райы сақталады, еліміздің батыс, солтүстік-батыс өңірлерінде жаңбыр, сондай-ақ ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтіледі. Республиканың қалған аумағында ауа температурасы біртіндеп көтеріліп, жауын-шашынсыз ауа райы күтіледі. Республика бойынша кей жерлерде туман, желдің күшеюі күтіледі. Осы категория бойынша Қазақстанның бірқатар өңірінде дауылдың күшеюіне байланысты ескерту жарияланды.

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

TECHNOLOGIA

ӨСІМДІКТІ ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСІРЕМІЗ

Үй жағдайында жер қазбай-ақ жыл бойына көкөніс өсіруге болатынын білесіз бе? Мельбурнде орналасқан BASF биотехникалық стартап аясында дүниеге келген Rotofarm үй бақшасы көз келген көкөністі оңай әрі тез өсіруге көмектеседі.

Rotofarm – желдеткішпен біріктірілген үлкен үстел шамшын тұратын, көкөніс көшеттері бөгілген құрал. Бұл құрылғыны іске қосқан кезде баяу қозғалыспен сағатына бір айналым жасайды. Сондай-ақ Rotofarm-да қырықбабат, пияз, жалбыз сынды көкөністер жынтығы біріктірілген.



Ең қызығы, құрылғыны қолданушылар көкөністің өсу барысын смартфон қосымшасы арқылы бақылай алады. Тіпті су мен коректік заттардың мөлшерін, өсімдікке жарықтың түсуін де телефон арқылы қадағалауға болады. Әдетте көкөніс бақшасына судың көп қажет екені белгілі, ал Rotofarm құрылғысы суды 95 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Жаңа технологияның тағы бір тиімді түсі, көшеттерге күтім жасау үшін аптасына бес минут уақыт арнасаңыз жеткілікті. Айта кетейік, бұл жоба Indiegogo алаңында сынақтан өтіп, жоғары көрсеткішпен бағаланған.



Ал Эран Зархи мен Элад Бурко ойлап тапқан TerraPlant гидророникалық құтасы ерекше дизайнмен көз тартады. Өсімдіктерді үй жағдайында топырақсыз өсіруге мүмкіндік беретін құрылғы қатты әрі көкейт керамикалық материалдан жасалған. Құтыда өсімдіктің тамыр жаюына барлық жағдай жасалған, су өсімдікке біркелкі әрі баяу таралады. Ал құтының беті қабатындағы 1400 ушық өсімдік тамырларын берік ұстап тұрады. Сондай-ақ құтыда тропикалық орманда өсетін өсімдік түрлерін өсіруге болады, сол үшін ауа мен судың қолжетімділігі де қарастырылған.



БАСПАНА: ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА ҚАЙСЫ?

БАҒДАРЛАМАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Екінші деңгейлі банктер жүзеге асыратын «Баспана хит» бағдарламасы көпшілік көңілінен шыққан. Тиімді тусы бағдарлама талабы бойынша бастапқы тұрғын үйден немесе қайталама нарықта да баспана алуға болады. Сондай-ақ атындағы тұрғын үйдің болмауы қажет деген талап жоқ. Баспананың болса да, екінші баспана алуға болады. Үйдің бастапқы 20 пайыз жарнасын салып, 7 пайызын несие рәсімделеді. Айлық табысыңыздың мөлшеріне қарай несие мерзімі 15 жылдан 25 жылға дейін ұзарылады. Билдiң өзiнде аталған бағдарлама шеңберiнде 388,1 млрд теңгеге 44 228 өтiмiн мақұлдаған. Тұрғын үйге суданыс артуына, бағаның өсуiне байланысты бағдарлама талабына бiршама өзгерiс ендi. Мысалы, Нұр-Сұлтан, Алматы қаласында бастапқы нарықта сатып алынатын тұрғын үйдiң ең жоғары құнының лимитi 25 млн теңгеден 35 млн теңгеге ұлғайды. Ал бүтi шектi сомма Қызылорда қаласында 10 миллионнан 15 миллионға артты. Сонымен қатар салып жатқан тұрғын үйдi үлестi қатысу шеңберiнде сатып алу мүмкiндiгi қарастырылған. Осы тұста ескеретiн мәселе, тұрғын үйдi жалға алу жылғы қиыншылықты жоғары болса, пайыз да артағанын ескерген жөн.

— «Баспана хит» бағдарламасы бойынша 12 миллион теңгеге баспана алғанды, оның бастапқы жарнасы 2 миллион 400 мың теңге. Қалған 9,6 млн теңгесіне пайыздық үстеме ретінде шамамен 9,8 млн теңге қосылды да, оны алғашы 15 жыл бойы айына 107 611 теңгеден төлепсіз. Ал пайыздық үстеме төлеп біткенше өсірілсе қалады, — дейді экономист Сәтә Қасымбаев.

Бағдарлама шеңберінде екінші деңгейлі банктер арқылы 4 493,9 млн теңге сомасына 495 өтімі түсіп, оның ішінде 2 334,1 млн теңгеге 252 несие мақұлданып, тұрғын үй алуға берілді.

ШАҢЫРАҚ НЕСИЕ 5-10-20

«Шаньярк» пилоттық жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бастапқы болуды армандар қазандастық азаматтарға жеңілдетілген шартпен несие беру мақсатында әзірленген. Несие тек ғана Тұрғын үй құрылысына қатысты арқылы рәсімделеді. Бүгінде бағдарлама аясында баспанаға мұқтаж ретінде әлемдік кезеңінде тұрған азаматтардан өтініш қабылдаудың төртінші кезеңі басталды. Енді жобаға 1986-2020 жыл аралығында кезекке тұрғандар қатыса алады. Бағдарламаға қатысу үшін соңғы алты ай ішінде отбасының әр мүшесіне келетін табыс көлемі 101 271 теңгеден аспау тиіс.

— «Шаньярк» пилоттық жобасын жүзеге асыру үшін ҚР Ұлттық банкінің еншілес ұйымының қаражатынан 210 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарланған. Оның 90 млрд теңге көлемінде алғашқы бөлігі Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне түсті. Осы бюджетке сәйкес, шамамен 7-8 мыңдай отбасын баспанамен қамтамасыз ету жоспарланған. Жылдық мөлшерлемесі 5 пайызға тең. Сондай-ақ Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіненді жинақ шоттарында зәім мөлшерінің 10 пайызы көлемінде соманы бастапқы жарна ретінде жинау қажет. Несиелендіру мерзімі 20 жылға дейін. Аталмыш бағдарлама бойынша тұрғын үйді тек жаңадан соғылған үйден ғана алады, — дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Әбішев.

Облысымыздың тұрғын үйлердің 1 шаршы метрі 160 мың теңгеге дейінгі үйлер бағдарламаға қатыса алады. Пәтерлер жеке құрылыс компаниялары сомақ үйлерден сатып алынған жағдайда ең жоғары заем сомасы — 12 млн теңге.

— «Шаньярк» бағдарламасы бойынша кезекке тұрған 30 азамат банктен төлем қабілетін растап, 5 отбасы бастапқы болды. Қаламыздың сол жағалауынан №35, №42, №43-ші көпбөлімді тұрғын үйлерге өтініш қабылдау аяқталды. 21 қаңар мен 22 қараша

«Үйі жоқтың күйі жоқ» деген сөзді баспана тауқыметін сезінген өрбірі жан түсінетіні сөзсіз. Елдегі тұрғын үй мәселесін түбегейлі шешу үшін 10 жыл және 25 трлн теңге керек екен. Ал 300 мыңға жуық тұрғыны бар шаһарымыздың 30 мың тұрғыны баспанға мұқтаж. Десе де жыл сайын қаламызда бірнеше көпбөлімді тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бірақ мұқтаждар саны да күн санап артуда. Бұған бірнеше себеп бар. Мәселен, өңірімізде ел төуелсіздігін алған жылдардан 2010 жылға дейін тұрғын үй құрылысы біршама тоқтаған. Яғни басымдық басқа бағыттарға берілген. Осы оқылықтардың орнын толықтыру мақсатында мемлекет тұрғын үй алуға біршама оңтайлы бағдарламаларды жүзеге асыруда. Нәтижесінде облысымызда тұрғын үй құрылысында өсім байқалады. Мысалы, биыл облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1946 пәтерді құрастырған 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде, 815 пәтерлі 20 үй сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй болса, 755 пәтерлі 68 кредиттік тұрғын үй және 376 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жеке компаниялар есебінен жүргізілуде. Жыл соңында дейін 698 отбасы сатып алу құқығынсыз жалға берілетін, 115 отбасы несиелік тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Осылайша жыл соңында дейін мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 987 пәтерлі 75 тұрғын үй құрылысын пайдалануға беру жоспарланған. Қазір өлімізде тұрғын үй құрылысына жыл сайын 1 трлн 300 млрд теңге бағыталады. Оның 40 пайызы — жекеменшік үй салатындардың үлесі. Қаржының 20 пайызы мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген. 40 пайызы — құрылыс салушылардың қаржысы. Енді мемлекет ұсынған бағдарламалардың қайсысы тиімді екенін саралап көрсек.

аралығында сол жағалаудағы №44, 48, 49, 37 көпбөлімді тұрғын үйге «Тікелей сатылым» жарияланып, қазір баслана. 12 сәуір арқылы бұрынғы жоғалтуде. Тікелей сатылымның ерекшелігі, айлық табысқа шектеу қойылмаған және өтініш беру барысында жеке меншігінде ҚР аумағында тіркелген баспананың болуына пәтер сатып алуға мүмкіндік беріледі. Қазіргі таңда облыс бойынша 25 000-ға жуық адам тұрғын үй кезегінде тұрса, соның ішінде 7 200 адам тұрғын үй құрылыс жинақ салымшысы болып есептеледі, белсенді депозит толықтырып отырған



Әділжан Сәулебаев, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» филиал директоры:

азамат ар саны 1953. Бұл — өте төмен көрсеткіш. Себебі Президенттің тапсырмасымен құтқа алынған «Шаньярк» пилоттық жобасының негізгі мақсаты кезекте тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету. Осы мақсатқа жету үшін халықтың белсенділігі өте маңызды, — дейді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің филиал директоры Әділжан Сәулебаев.

НҰРЛЫ ЖЕР

Бүгінде қаламыздың сол жағалауында орналасқан үйлердің басым бөлігі «Нұрлы жер»

бағдарламасы аясында беріледі. Бағдарламаны Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы кредиттік баспана салу) бағыты бойынша жана үйлерді салу ісін жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады. Бағдарлама аясында салынған пәтерлердің кем дегенде 50%-і жергілікті әкімдікте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі. Ал қалған пәтерлер кезекте тұрмаған банк салымшылары арасында тікелей сатылым негізінде үстеліріледі. Бастаңаға көп жеткізу үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен шот ашып, кемі үш жыл жинақтау қажет. Сонымен қатар пәтер

Арнұр ӘБІШЕВТІ, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары: — Облыста тұрғын үй кезегінде 30 мың азамат бар. Оның 12178-і әлеуметтік жағдайы оңалтпалар, 3484-і көпбөлімді отбасылар, 11979-ы мемлекеттік және бюджеттік сала қызметшісі және 204-і аяпатты жағдайда тұрған азамат, 2194-і жетім балалар. Сонымен қатар, жеке тұрғын үй құрылыс үшін шығылған жана тұрғын үй аумақтары инженерлік коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында 19 жобаның құрылысы жүргізілуде.

Облыста «Шаньярк» бағдарламасы аясында кезекте тұрған 30 азаматтың төлемі расталды. Бес отбасы баспаналы болған.

тек депозитті ай сайын толықтырып отырғандарға емес, өспешіотына бірінші қолмасты қаржы салған азаматтарға да беріледі. Бастапқы жарна 20 пайыз, несие 14-16 жылға 7 пайызбен рәсімделеді. Егер банктің тұрақты салымшысы болып, бағалау көрсеткішінің аяғы ОП 16 пайызға жетсе, аталған бағдарлама аясында 4 пайызбен несие алуға болады. Тағы айта кететін бір жауап, қажетті соманы мейлінше тез жинау үшін отбасының әр мүшесіне жеке өспешіот алуға болады. Мұндай жағдайда мемлекеттік сыйақы ар шотқа бөлек тағайындалады. Мысалы, отбасында төрт адам делік, жарынызбен екі баланыз бар. Осы отбасы мүшесінің барлығына өспешіот ашып, толықтыруға болады. Әр өспешіотқа 500 мың көлемінде қаржы құйсаңыз, жыл соңында ар шотқа 101 мың теңге көлемінде қаражат түседі. Баспана алатын кезде төрт шотты біріктіріп, 2 миллион 200 мың қарастырыңыз 2 млн 604 мыңға артырып алуға болады.

— «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 75 тұрғын үйді 387-і пәтері халық ітіліне пайдалануға беріледі. Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде 1946 пәтерді қайтағын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 815 пәтерлі 20 үй сатып алу құқығынсыз жалға беріледі, 755 пәтерлі 68 үй кредиттік және 10 тұрғын үйдің 376 пәтері жеке компания есебінен салынады, — дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Әбішев.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА КІМ ҚАТЫСАДЫ?

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табысы төмен көпбалалы, толық емес және мүмкіндік шектеулі балалары бар отбасылардың тұрғын үй алуға қолжетімділігін арттыру мақсатында «Бақытты отбасы» әлеуметтік бағдарламасы аясында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жылдық 2 пайызбен тұрғын үй беру жоспарланған. Бұл мақсатта биыл Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне Үкіметтен 3,1 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға облыс бойынша тұрғын үй алуға 209 өтініш қабылдау жоспарланған, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде жергілікті әкімдерде кезекте тұрған азаматтардан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне 315 өтініш тапсырылған, 273 отбасы баспаналы болды.

Бағдарламаның шартына сәйкес, үш категория бойынша әлеуметтік аз қамтылған төмен отбасылар кіреді. 4 және одан кем баласы бар отбасылар. Бір немесе одан да көп бала бағып отырған жалғызбасы жеке немесе ана. Мүмкіндігі шектеулі бала асыран отырған отбасы қатысады. Ол үшін міндетті түрде тұрғылықты жерінің бойынша әкімдікте кезекте тұру қажет. Мысалы, егер сіз мемлекеттік қызметкер ретінде кезекте тұрсаңыз, егер бағдарламаға қатысу үшін кезектегі мәртебеленді өзгерту керек. Бастаңаға мұқтаж отбасылар санатына жататынындай делендеу үшін атқарушы органдар көп балалы отбасы екенін дәлелдейтін анықтамалар алып, оны банкке тапсырасыз. Бұл бағдарламаларға қатысушыларға қойылатын ең басты талап — Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшысы болуы. Егер салымшы болмасаңыз, қржарт тапсырған сәтте банктен дербес шот ашыңыз. Пәтердің қай кез келген сомда болуы мүмкін, алғайда

банк сізге тек 12 миллион теңгеге дейін несие береді. Бастапқы жарна тұрғын үй құнының 10 пайызын құрайды. Несие мөлшерлемесі 19 жылға 2%. Егер бастапқы жарнаға ақшаның болмаса, әкімдіктен ақшадай төлем ретінде 1 миллион теңгелік сертификатқа арыз жазуға болады. Бастапқы жарнаны әкімдік көмегімен емес, өз қалпындадан төлесеңіз, тұрғын үйді таңдау мүмкіндігі жоғары болады. Тұрғын үйді бірінші нарықтан, қайталама нарықтан немесе жеке үйден ала аласыз. Егер сіз өкімізден 1 миллион теңге сертификат алған болсаңыз, тек бірінші нарықтан ғана аласыз. Төлем қабілетіңізді соңғы 6 айдағы зейнетақы аударымдары бойынша растай аласыз. Жеке кәсіпкерлер үшін соңғы бір жылдың декларациясы табысталады.

— Егер жан басына шаққандағы табыстың мөлшері 42500 теңгеден асып кетсе, ол отбасы жылжымалы түрде мұқтаждар қатарына кірмейді. Мысалы, 15 млн теңгеге несие алмақ болсаңыз, шамамен 104 250 теңге табыс көзі расталуы тиіс. Несиені төлеп қайтару ең кезеңге бөлінді: алғашқы 8 жылда — 79 000 теңгеден, қалған 11 жылда — 57 000 теңгеден төлейді. Ал егер 12 млн теңгеге несие алған жағдайда, алғашқы 8 жылда — 88 450 теңге, қалған 11 жылда — 44 000 теңге төлейсіз. Ескерту: егер сіз бір отбасында 5 адам болса, олардың жиынтық табысы 212500 теңгеден аспау керек, — дейді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің 1 санатты маманы Марғабат Сыңабаева.

Ал құны 10 миллион теңге болатын пәтерге бастапқы сегіз жылда ай сайын 52 700 теңге, қалған 11 жылда 36 000 теңгеден төлеуісіз. Егер бастапқы жарнаны 10 пайыздан көп төлесеңіз, ай сайын төлетінін сома азыз түседі.

БАСТАПҚЫ ЖАРНА 36 ПАЙЫЗ

Қазір тұрғын үй құрылысы қымн кезеңді бастап өткеруде. Біріншіден, девальвация мен инфляцияға байланысты жылжымалы түрде мүлкінің құны өсуде. Ал халықтың жалақысы сол қалпында. Яғни халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін банктер бастапқы жарнаны түсіруге мәжбүр. Мәселен, елдегі бастапқы жарна ең жоғары жарна 50 пайыз болатын. Енді бұл көрсеткіш 36 пайызға төмендеді. Яғни Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы 36% бастапқы жарна құрып, 7 пайызбен несие беріледі. Осы уақытқа дейін банк салымшысы болып тұрақты қаржы аударымын жасағанды, бағалау көрсеткішіңізге қарай пайыз мөлшері төмендеді. Ол үшін табыс көзін растау міндетті. Үй кезегінде болу міндеттелмейді.

— Тұрғын үй құрылысы 2000 жылдардан бастап қарқынды дамуда. Өкінішке қарай, содан бері баспана бағасы бір рет те төмендеген емес, төмендегенді де. Себебі бұдан өлде инфляция жоғары. Ресми деректерде инфляция 6-8 пайыз деп көрсетілген. Ал шын мәніндегі көрсеткіш 12-15 пайызды құрайды. Бұл жердегі мәселе инфляцияның дұрыс есептелмеуінде. Екіншіден, жұмыс күші жетіспеуде. Карантинге байланысты Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан секілді

P.S. Мемлекет ұсынған бағдарламалардың барлығы бірінші нарықтағы үйлерді алуға бағытталды. Ал көп балалы отбасылардың жайы не болмақ? Конкурсыра түсетін сол жағалаудағы 3 бөлмелі жана үйлердің ең жоғары көлемі 67 шаршы метрді құрайды. Қолжетімді баспаналы отбасының әкімдік қолжетімді екенін жұртшылық жақсы біледі. Сондықтан көп балалы отбасылар үшін аядай бөлмелерде тұру мүмкін емес. Төмен пайызбен жер үй алу мүмкіндігі қарастырылған «Бақытты отбасы» бағдарламасы жылғына бір рет ғана жүзеге асып, белгілі бір мерзімді ғана қамтитыны бізмізге белгілі. Осы тұста жергілікті билік көп балалы отбасыларға жер үйден баспана алуын қарастырса, иеі бастама болар еді. Тұрғындардың жалпы өмір сүру қамтамасыз етуінде жеке жайларды да бағдарламаға қосу тиімді шешім болары сөзсіз.

елдерден келетін аразан жұмыс күшінің тартылуына тиым салынды. Осы фактордың өзі тұрғын үй бағасына тікелей әсер етуде. Сонымен қатар шикізаттың басым бөлігі доллар бағамына сай қымбаттады. Нәтижесінде айтсақ, жыл басынан бері жана үйлер 9,5 пайызға екінші нарықтағы үйлер 6,6 пайызға қымбаттаған, — дейді экономист сарлашы Асылхан Андашов.

ОП ДЕГЕН НЕ?

Егер сіз зейнетақы қорының салымшысы болмасаңыз, табыс көзін растаймай үй алудың бір ғана жолы бар. Ол үшін банкке тұрақты түрде 3 жыл қатарынан қаржы жинақтау қажет. Сол кезде ОП яғни бағалау көрсеткішіңіз



Асылхан Андашов, экономист-сарапшы:

16-20-24 пайызға өседі. ОП екенін сайын несие пайызы 5%, 4,8%, 4,5% деп төмендей береді. Мұның тиімді тәрі бірі тұсы, несие проценті тек сіз алатын сомға есептеледі. Бүкіл үй сомасына есептелмейді. Осы уақытқа дейін атындағы 5-8 несие болса да, бар-жоғы 10 минутта банк келісімін ала аласыз. Тіпті қара тізім де өсер ете алмайды. Ал ОП жоғарылмаса, онда банкке жұмыс істегуі тура келеді. 3 жыл банкке қаржы жинақтамаған соң, бастапқы үш жыл несие пайызын төлеуге міндеттелесіз. 3 жылдан соң ғана негізгі қарызды өтеісіз. Мұны халықтың көпшілігі түсіне бермейді. Оны нақты білу үшін жеке кабинетіңіз кіргенде ай сайын сізге ай соңында тиым түсіп жатады. Ол дегеніміз банктің сыйақысы. Сыйақы өскен сайын ОП өседі. Сіз алатын несие пайызы, жатқан ақшаның айына 0,16% өсуде. Ол пайыз шықты? Ол банктің 2% жылдық мөлшерлемесі. Яғни 2%-ді 12 айға көбейтсеңіз, 0,16% деген сан шығады. Осылайша, ОП 16 толтырса, 3 жыл уақыт кетеді. Негіз? Себебі 10 млн үй алу үшін сіз осы қаржымен 160000 сыйақы жинау қажет. Шарт сомасы мені бізге теңекенде ОП 16 болса, онда жоғарыдағыдай табыс көзін растаймы, 3,5 пайызбен баспана аласыз.

ӨЙЕЛДЕР ИПОТЕКАСЫ

Жаңы күндері Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі әйелдерге арналған ипотекалық бағдарламаны іске қосады. Бағдарлама шарттары бойынша 200 мың теңгеден төмен айлық алатын әйелдер 15% бастапқы жарна салса, 200 мың теңгеден жоғары жалақы алатындар 20% сатып керек. Бұл ипотека бойынша жана үйден де қайталама нарықтан да баспана алуға болады.

— Жыл басында «Өйелдер ипотекасы» жобасын жоспарлаған едік. Белгілі бір себептерге байланысты бағдарлама уақыт шегерілді. Елімізде 9,1 миллион әйел бар, олардың 4,4 миллионы жұмыспен қамтылған, жартысы өз отбасын өздері асырап отыр. Сондай-ақ өйелдердің жалғыз ерлерге қарағанда үш есеге аз екенін ескеру керек. Бұл әйелдердің ерлерге қарағанда пәтер алу мүмкіндігі төмен екенін білдіреді. Сондықтан бұл «Азия даму банкі» бірге қарастырылған әйелдерді қолдай отырып, гендерлік жобаны жүзеге асырамыз, — дейді «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» басшысы Ләззат Ибрагимова.

Қаржыландыру көзіне өткеру болсақ, Азия даму банкі Тұрғын үй құрылысына қатысқан 38 млрд теңге бөледі. Осы қаржының есебінен 4 мыңға жуық өмір жеңілдетілген ипотека рәсімдей алады.

АБАЙДЫҢ ЖОЛЫ – ҰЛЫ ЖОЛ



Абай Құнанбайұлы – XIX ғасырдың ұлы тұлғасы. Абай – тек қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар түбі бір түрік халқының ұлы ақыны. Ақын шығармалары арқылы ғана емес, де қайраткер ретінде танылған. Қара халыққа қолынан келгенше жәрдемдескен. Байлық пен мансап қуып, әкесінің орнына болыс болудың орнына ерашан әділет пен намыстың жоқтаушысы болды. Болыс болудың несі жаман? Барлық болыстар мен жоғары шен өкілдері Ресей үкіметіне бағынды. Олардың бағынудан басқа амалы болмады. Себебі, ол уақытта барлық қазақ жері орыс саясатының ықпалында болды. Орыс князьдары мен басшыларының бұйрығы бойынша қысаққа қарсы

көтерілген қарапайым халықты басы осы болыстардың міндеті еді. Ресей үкіметіне қалғаларын толтырып, айтқанды өкіл ететін некер керек еді. Халықтың тұрмыс тіршілігіндегі түсініспеушілік пен дауларына (жер дауы, жеріс дауы, халық арасындағы теңсіздік, рулар арасындағы қақтығыстар) мән бермеуі ашуға тиді. Қара халықтың шағымдары мен пікірлерін елемей отырған билікке Абайдың өкіпесі қара қазандай еді. Ол бұл ортаға кіріп, өзінің ар-намысын таптағысы келмеді. Олардан жиренді, теріс жолға түсуден аулақ болды. Болыстардың да арасында халықна жақсылық тілеген азбал жандар болды. Бірақ олар саусақпен санарлық еді. Кей болыстар отбасы

мен туыстарының ықпалынан халықтың жағдайын көрмейтін соқыр, мылқауға айналғанды. Бұл Семей округіндегі Абай ауылындағы қарапайым халықтың басты мәселесі мен тұрмысынан үзінді еді. Абай білетін, бұндай жағдай тек өзінің ауылында ғана емес, күллі қазақ еліне ортақ еді. Абай қай жерге барса да сыйлы қонақ, асыл адам болды. Оның өзі жете алмаған, өзі бара алмаған жерге шығармасы арқылы жетті. Шығармалары Абайдан бұрын халыққа жететін. Абайды ел таныды. Кейіннен асыл ақынның асылдығы арта бастады.

Ол орыс халқының да мұнын сезінді. Сол бір бейнет пен сол бір мұң. «Біз ғана емес өз халқын да аямайтын не деген өкімет. Өз халқын аямағанда бізді не істесін?». Ол өз білімін тереңдетіп, өзі ұлт арасына көпір болды. Орыс тілін үйренді. Орыс ақындары Пушкин, Лермонтов шығармаларын қазақшаға аударды. Білімін көз жұмғанда тереңдетті. Өзі ғана емес балалары мен ауылдағы балалардың бәрін «Сен де бір кірпіш дүние кетіп тал та бар қалың» деп білімге жетеледі. Айналасына ақ пейілді, сауатты, өнерлі, ынталы адамдарды ғана жақын ұстады. Адамның ішкі ойын ісінен-ақ түсінетін. Кіпінгенде сат тамған, бірақ жеме-жемге келгенде сат соқтырып кеткендер де бар еді. Абай өзінің әрбір ойын қара сөздеріне қосты. Халықты өз түсінігінмен сусындатқысы келді. Адамдар, жолдан тайғандарды түзу қолға салғысы келді. Оның ойы қазіргі қоғамға тірек сөз бен мотивация болды. «Абайдың жолы – ұлы жол». Абайдың әрбір сөзі қазақ намысын оятты.

Аида НАРЗІЛДА

АДАМ ҚАЙРАТЫ

«Шегінерге жол жоқ, Артында Мәскеу» деген батыр Б.Момышұлының сөзін құлағымызға сіңіріп өстік. Содан болар, қай істі бастасақ та, «шешінген судан тайынбасты» алдымызға қоямыз. Жүрек дүрсілін жиялап, сауырыға қамшы бастыратын осы сөз дегеннің құдыретін айтсаңыз. Б.Момышұлы шығармаларын оқыған бүгінгі ұрпақтың бойында ана тілін ардақтау, Отаңды сую, үлкенді құрметтеу ұғымы қалыптасатыны анық.



«Адам қайраты» әңгімелер жинағындағы шығармаларын оқи отырып, әр адамның қаншалықты қуы болатынын, бойдағы қайрат пен жігерді қалай жаңитынын ұғынасың. Оқ пен оттың ортасында жүріп, Отаңды сүюдің, сол сені өмірге әкелген алып даланың өзін үшін қаншалықты қымбат болуға тиіс екенін түсінесің. Тарих беттерінде бар ғой, әрбір майданда елдің рухын көтерер бар ақын, бір жазушы болатыны. Айбынды батыр Исатайдың сенімді серігі марқасқа Махамбет сарбаздардың сағын сіндірмей, өлең-жырмен еңсесін тіктетті. Міне, екінің дүниежүзіндегі қардасы Бауыржан Момышұлы. Қасым Қайсенов. Сырбай Мәуленовтер осындай еңбек атқарды. Балаға сын айту керек. Бірақ ардадан қағу да артық болмайды. Міне, батырдың «Ана тіліңді ардақта!»

өлеңінде ана сүтінмен дарыған туған тілін сүюдің қаншалықты маңызы бар екенін айғақтайды. Тіпті орыс тілінде шүңдірілген кейбір қандастарымыздың ана тілін менгеріп кетуіне де осындай сөздер сауырыға қамшы басып отырады. «Өз тіліңді сүй, өзге тілді құрметте» деген осыдан қалған тәртізді. Біз педагог ретінде балаға тек білім берумен шектелмейміз. Санасына сөйлеу шашын, ұлт руханиятының ұлы қырларына баулимыз. Ержүрек қазақтың ақжүрек ұрпағы болуына, батырлық пен батылдықты бойына сіңдіріп Бауыржан Момышұлындай қайраткерлердің сөзін арқар етеміз. Біз ұлтын сүюген ұлдардың тәрбиелеуді бүгіннен бастамасақ, ертең кеш болатынын ойлауымыз керек.

Айқын ИЗБАСАРОВ

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы нашарқорлық тек көң ауқымды мәселе ғана емес, сонымен қатар өрлеу үстіндегі еліміздің маңызды проблемасы. Оның әлеуметтік салдары бар: қылмыс пен адамгершілікке жат әрекеттер жасалады, жеке тұлғаның және жалпы халықтың көрі көтуі байқалады, өлім, әсіресе жастар арасында өлім жиілейді, өмірге қауіп төндіретін дерттер күшейіп, және кемтар балалар мен, ажырасу көбейеді.

Рухани жаңғыруға деген ішкі ұмтылғы ел дамуының басты қағида-сына айналғаны тиіс. Ол үшін әр қазақстандық заман ағымына сай өзгере білуі керек. Біздің мақсатымыз, ерлік пен елдікті, батырлықты, өске-ленді ұрпақтың бойы мен ойына отан-сүйішті рухты дарыту. Өйткені рух жоқ жерде ұлт та жоқ, халық та жоқ. Біз құрбы-құрдастарымыз бен жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын кен тұрғыда жүргізуді міндетіміз деп есептейміз. Егер сен өз өліңнің жарқын бола-шағына нық сеніммен қарасаң, жас-тық құш-жігеріңе сеніп, қоғамдағы өз-герістерге бей-жай қараймын десең, бізбен бірге нашарқорлыққа жол бер-ме!

Есірткі, алкоголь, темекі – бұлар қазіргі заманғы қоғамдағы ең мықты тегі. Әлемдегі өлім-жітімнің 60-70%-ы осы өнімдердің салдарынан туын-дады. Қорыта айтқанда әлсіздердің өлімінен әрі пайда түседі, әрі халық саны қысқарады.

Аида ОРАЗАЛЫ, №7 мектеп-лицейдің 9 сынып оқушысы

Әлемді жайлаған індет көзеңнен аман-есен шығу кімнің болса да арманы. Біздің бүгінгі басты тілегіміз де осы. Жалпы бұл індеттің алдын алу жұмыстары қалай жүзеге асады? Екінші толқын алдында аз-кем осы жайында айтсақ.

САҚТАНСАҚ – САҚТАЙДЫ



Ең алдымен ең көшеде бір өзіңіз кетіп бара жатқанда емес, көпшілік орынға барғанда, қоғамдық көлікке мінгенде маска тағуды ұмытпау және мұның аса маңыздылығын сезіну өз өміріңіз үшін пайдалы. Мұнымен қоса антисептик пайдаланып, гигиеналық талаптарды сақтау, қарапайым ғана үй тазалығына мән беру вирусты жұқтырмауға себеп болады. Аса мұқаждық болмаса көпшілік жерден, жиын-тойдан бас тарту да өз айналыңызда коронавирус тасымалдаушысы болудан қорғайды.

Коронавирустың белгілері өткір респираторлық инфекция мен тұмау белгілеріне ұқсас. Көп жағдайда бұл көпшілік респираторлық жұқпаның симптомдары болуы әбден мүмкін. Түшкіру, әлсіздік, бас ауруы, дене қызуының көтерілуі, тамақ ауруы, жүрек қағысының, тыныс алудың жиілеуі, енгізу, демалу, т.б. мұның бәрі қазір бей-жай қарайтын белгілер емес.

Мамандардың айтуынша, ауру ауа арқылы, тұрмыстық заттар арқылы жұғады. Сондықтан санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтаудың маңызы зор.

Қолды жиі-жиі сабындап жуыңыз, арнайы антисептикалық құралдарды пайдаланыңыз. Үйіңізді (жұмыс орныңызды) таза ұстауға тырысыңыз. Жиі-жиі ауаны тазартып отырыңыз. Түшкіргенде, жөтелген кезде мұрын мен ауызды бір реттік сүлкітмен жабыңыз. Ортақ тұрмыстық құралдарды пайдаланбаңыз. Сіз білетін, едәуір жайт жар сияқты көрінетін осы амалдар – саулығымыздың кепілі.

Кез келген ауру сияқты коронавирусты да емдеудің белгіленген тәсілдері бар. Нақтырақ айтқанда, вирусқа қарсы әрекет ететін арнайы препараттардың тізімі жасалған. Қандай да бір дерттің емі болатынын ескерсек, бұл аман-есен өтіп, вирусты жеңетінімізге сенім.

Айзат ДҮЙСЕКОВА

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ – 100

ЖАУЫҢҒЕР АҚЫН ЖҰБАНЫМ

Жұбан атам жырлаған қазақ болмысын, Кең даласын, табиғатын, сом күшін. Қызығамын өлеңіне, өзіне Ұрпағына тура бастар жолымын!



Ұқсатам ақын қазақ – сөйгүлікке, Таниды сені бәрі әр бөлікте. Мен де құрмет көрсетіп арнау жаздым, Жұбан атам жүрекке мәңгілікке!

Қуаныш НҰРТУҒАН, Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10 сынып оқушысы

ӨМІР ҒАЖАЙЫП

Тұңғыш Президент Н.Назарбаев «Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы мықты, хол-ахуалы жақсы болу керек» деген еді. Дәкем мемлекет, ең бастысы, халық денсаулығын нығайтуға жұмыс істейді. Әйтсе де халық әлі де өз денсаулығына салғырт қарауда.



Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тығым салынған химиялық зат. Ол адамды құнарлық тозағына түсіреді. Нашарқор адам есірткісіз өмір сүре алмайтын халге жетеді. Есірткі қолданбаса, ауырып мазасы қашады. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, оны қолданбай өз денсаулығымызды сақтасақ ештеңе болмас еді. Есірткіні тұтынған адам өзін ғана құртпай, басқаларға ұсынуы өбден мүмкін. Жастар осындай әрекетке барса, ертеңі күнге қандай сеніммен қараймыз?! «Шылымқор өзін ғана емес, өзгелерді де ұлайды» деген сөз бекер айтылмаса керек. Сол себепті бұл жаман нерседен алшақ болып, өз денсаулығымызды барынша күтіп, қауіп төнетін зиянды

әрекеттен аулақ жүру керек. Қазіргі таңда, ең қуанатын жағдай, нашарқор адамдар азаада. Жастар өмірдің қадірін түсінуде.

Біздің көпшенді ата-бабамыз саламатты өмір сүрді. Ұрпағының азып тозбауын қадағалады. Сол дәстүрді сақтап, бүгінгі ұрпақ қоршаған ортаны, денсаулықты күтіп, терең білім алып, саналы азамат болуға ұмтылу керек.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен бақыты өмір» деген нақыл сөзді адамдар түсініп, отбасының жанында, денсаулығын ойлап, бақытты өмір кешіп, есірткісіз өмір ғажайып екенін түсінсе екен ғайым.

Қымбат ДОСЖАН, №178 орта мектептің оқушысы

ЕЛ ДАМИДЫ, ЕРІКТІ КӨБЕЙЕДІ

Ерікті болу – ерлікпен тең. Өйткені ол әрбір адамға өз еркімен қоғамның дамуына атсалысуға мүмкіндік береді. Еріктілер – елдің шынайы патриоты, сол үшін де құрметті шексіз. Бәсеңді азаматтық ұстаным мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізеді. Биылғы Еріктілер жылы ел жастарын «бір үйдің баласындай» біріктіріп, іскер азаматтарды қайырымдылық жасауға шақыруда. Сол жастарымыз азаматтық бастамасының көпшіліктен қолдау тапқанын әлеуметтік желіден көріп жүріміз.

Сонымен, ерікті дегеніміз кім екен? Жалпы олардың дүние жүзіндегі және біздің еліміздегі белгілілігін қалай бағалауға болады? Волонтерліктің әлем бойынша кең таралып, жалпы ғаламдық қозғалыс пен белсенді күшке айналғанын жақсы білеміз. Статистикалық деректерде, жер шарында бір миллиардқа жуық адам волонтер болып есептеледі. Ал біздегі еріктілер саны он алты мыңға жуық. Ел Президенті бұл көрсеткішті аз деп санайды. Оның санын жүз



мыңға көтеру үшін көптеген шаруалар атқарылуы керек деп отыр. Яғни, халықтың еріктілерге оң көзқарас қалыптастырып, осы игі іске жалпы жұмылдыру керек. Еріктілер еңбегінің әлемдік дамуға тигізер пайдасы көп. Мәселен, жаһандық ішкі өнімнің 2,5%-ы еріктілердің маңдай тері мен атқарған жұмысының нәтижесі. Көптеген мемлекетте волонтер болу қалыпты жағдай саналады. Кейбір деректерде Франция жұртшылығының жартысына жуығы

ерікті делінеді. Сол сияқты Германия, Жапония секілді дамыған елдерде еріктілер саны жыл өткен сайын артып келеді. Қазақстанда осыдан 6-7 жыл бұрын ерікті сөзі ете сирек қолданылатын. Оның маңынасын ашып, ішіне үйіліп жатқанда да аз еді. Ал бүгін де олар қоғамның бір үшесіне айналады. Иә, еріктілердің болуы міндетті, ол мемлекеттен бірдей деңгейде дамуы керек.

Аймереке ШӨКІЗІДАЕВА

ҰЛТТАР ЛИГАСЫ: ҚҰРАМАДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Ұлттар лигасының қорытынды кездесуіне қатысатын футболшылардың есімі белгілі болды. Қазақстан құрамасы 15 және 18 қараша күндері биылғы Ұлттар лигасындағы соңғы матчтарын өткізеді. 15 қарашада сырт алаңда Албаниямен ойынаса, 18 қарашада Алматының Орталық стадионында Литва құрамасын қабылдайды.

Михал Билек шөкірттері Албания футболшыларымен өтетін ойынның алдында 11 қараша Подгорицада Черногориямен жолдастық кездесуге қатысады. Күні көше ұлттық құраманың бас бапкері алдағы үш ойынға шақырылған футболшылардың тізімін жариялады.

Ұлттық құрамаға өз командаларының кейінгі ойындарында жақсы нәтижемен көзге түсіп, бас бапкердің көңілінен шыққан футболшылардың шақыру алатыны белгілі. Мәселен, бұл айда М.Билек үш жаңа футболшыны жасыр алаңда сынан көруді жөн деп шешкен екен. Атап айтар болсақ, қақпашы Мұхаммеджан Сейсен, қорғаушы Юрий Логвиненко және жартылай қорғаушы Серіжан Мұжыков. Кейінгі екі футболшы бұған дейін де ұлттық құрама сапында талай халықаралық бәсекелерде

ойнаған тәжірибелі жігіттер. Ал «Тараз клубының қақпашысы Мұхаммеджан Сейсен биыл бірінші рет ересектер арасындағы ұлттық құраманың жейдесін киімек. Ол бұған дейін Қазақстан жастар құрамасының (21 жас) капитаны әрі негізгі қақпашысы болып келген. Жас ерескелігіне байланысты келесі жылдан бастап жастар құрамасында ойнай алмайтындықтан, Билек оны ерте бастап ересектер қатарына қосқанды күл көрілті.

Ал жарақатынан айылып, «Астананың» негізгі құрамына қайта оралған қорғаушы Ю.Логвиненко мен «Тобылдың»

жартылай қорғаушысы С.Мұжыков және қазан айларындағы ойындарына шақырылмай, резервте қалып қойған еді. Енді, міне, екеуі де қайтадан ұлттық құрамаға оралды. Сонымен Билектің сенім артар шәкірттері төмендегідей.

Қақпашылар: Стас Похатилов («Қайрат»), Дмитрий Негододов («Астана»), Мұхаммеджан Сейсен («Тараз»).

Қорғаушылар: Ғафуржан Сүйімбаев, Нұралы Әліп («екеуі де – «Қайрат»), Абзал Бейсебеков, Юрий Логвиненко («екеуі де – «Астана»), Марат Бистров («Ахмат», Ресей), Ян Воровогоский («Бевеерхот», Бельгия), Сергей

Малый, Темірлан Ерланов («екеуі де – «Тобыл»), Александр Марочкин («Қайсар»), Олжас Керімжанов («Жетісу»), Тимур Досмағамбетов («Ордабасы»).

Жартылай қорғаушылар: Бауыржан Исламхан («Өл-Айн», БАӘ), Бахтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Исламбек Куат («Химки», Ресей), Владислав Васильев («Рух», Беларусь), Айбол Әбікен («Қайрат»), Асхат Тағыбергел, Думан Нәзірзаев («екеуі де – «Қайсар»), Серіжан Мұжыков («Тобыл»).

Шабуылшылар: Абат Айымбетов («Қайрат»), Алексей Щеткин («Астана»), Максим Федин («Қайсар»), Сергей Хижинченко («Ордабасы»).

Өткен айда негізгі құрамаға шақырылған

қақпашы Владимир Плотников («Ордабасы») бұл жолы резервке түсіп қалған. Сондай-ақ алдыңғы жылдары ұлттық құраманың негізгі футболшылары саналған Дмитрий Шомко («Астана»), Юрий Перух («Астана»), Азат Нұрғалиев («Тобыл»), Ерекбұлан Тұғышбаев («Қайрат»), Айбар Жақыпұлы («Жетісу»), Токтар Жаңғылшай («Ордабасы»), Роман Муртазаев, Оралхан Шырғазев («екеуі де – «Тобыл») секілді футболшылар да резервте қалып қойды. Десө де бұл ойыншылар негізгі құраманың жігіттері жарақат алып қалған сәтте олардың орнына құрамаға шақырту алады. Айта кетейік, Ұлттар лигасының С дивизионында бап санынан Қазақстан ұлттық құрамасы төрт тудан кейін төртінші орында келе жатыр.

«Ақмешіт жастары» газеті

жастайында қиындық көріп, әпсәтте жұлдызға

айналған спортшыларды оқурман назарына ұсынуды қолға алды.

Газеттің өткен санында жерлес, UFC-дың жаңа жұлдызы Шафкат Рахмоновқа тоқталсақ, бүгінгі санда өйгілі Марадона жайлы баяндаймыз.

Диего Марадона 1960 жылдың 30 қазанында Аргентинаның астанасы – Буэнос-Айрестің дәл іргесінде орналасқан Ланус деп аталатын шағын ғана қалашықта кедейлер отбасында дүниеге келген. Әкесі Дон Диего дирижерде жұмыс істесе, анасы Дельма Сальвадорра Франко үйдегі тірлікпен айналысты. Болашақ футбол жұлдызы – Марадоналар отбасындағы бесінші перзент. Алдында төрт әлпескі бар. Әкесі Дон Диего таңның атасынан күннің батысына дейін жұмыста болғандықтан, үй шаруасындағы барлық ауыртыпалық Дельманың мойнына түсті. Балалары да ата-аналарына қолғабысын тігізіп, бала кездерінен қара жұмысқа жегілді. Ел аузындағы әңгімеге сенсек, Диего жеті жасқа толғанда жиен ағасы оған футбол добын сыяға тартыпты. Туысының тосын сыйлығына қуанып, сонышалық, үйде жүрсе де, қонаққа барса да ол ала доптан еш ажырамаған екен. Тіпті ұйықтағанда да оны құшақтап жатады екен.

Жергілікті әуесқой клубтар арасында өтетін ойындарды Марадона қалт жібермеген. Үзіліс кезінде көпшілік алдына шығып, өз өнерін паш етуді әдетке айналдырған. Диего допты жерге түсірместен, басы, иығы, кеудесі, тізесі, шынтағы, өкшесі, бір сөзбен айтқанда, денесінің көз келген мүшесімен қағып, көрермендердің көңілін көтеріп жүрді. Үзіліс аяқталып, командалар алаңға шыққан кезде Марадоның шеберлігіне тәнті болған көпшілік «Балақай, алысқа кетпе. Ойын аяқталған соң осы өнеріңді бізге қайталап көрсетші», деп алаңнан жібергілері келген көрнеді.

Диего 10 жасанда Аргентинаның «Лос Себоллитос» деп аталатын балалар клубына қабылданады. Ол футбол королі Пеле секілді алаңға 10 нөмірлі жейдемен шығып жүрді. Ала доптың сиқырына арбалғаны сонышалық, 14 жасында оқуын жалғастырудан бас тартып, уақытының барлығын спорттың осы түріне арнады.

1970-1976 жылдары Марадона «Аргентинос Хуниорс» жастар клубында ойнады. Содан кейін негізгі құрамаға қабылданды. Міне, сол кезден оның спорттық карьерасында өрлеу кезеңі басталды. Түрлі жарыстарда көпшілік назарын өзіне аударған Диего ұлттық команданың жейдесін киіп те үлгерді. Алғашқы кездерде жасын алаңда жасанды жарылдамаса да, оның ойыны жақсы әсер қалдырды.

1978 жылғы әлем чемпионаты Аргентинада өткені белгілі. Марадона да айтулы жарысқа қатысуға үміткерлердің бірі болды. Алайда доп даясының басталуына екі апта қалғанда бас бапкер Сесар Луис Менотти оны негізгі командаға қабылдамады. Сол жайыс жаңалықты естігенде, 17 жасар бозбаланың ашуға бұлыққаны сонышалық, күні-түні өз бөлмесінен шықпай, есірткеп жеген екен. Тіпті ең жақын адамдарына да оны жұбату оңайға соқпайты. Есін жиып, өз-өзіне келгеннен кейін Меноттиге бір емес, бірнеше мәрте телефон шақып, ұлттық құрамаға қабылданып қысылып сұраған. Бірақ бас бапкер айтқанынан қайтпайды.

Жоғарыдағы жағдайдан кейін Диего өзінің мықтылығын түбегейлі мойындау үшін көп еңбектеніп, жатай-тұмай даярлану қажеттігін ұғынды. Ол солай етті де. Нәтиже көп күттірген жоқ, 1979 жылы Аргентинаның жастар құрамасы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері атанса, Марадона ең үздік ойыншы деп танылды. Содан кейін-ақ ол өз елінің ұлттық командасының серкесіне айналды. Сол аралықта Марадона Оңтүстік Американың үздік футболшысы деген атақты иеленді. Бір сөзбен айтсақ, Диего Марадоның спорттың бұл түрінде бағындырмаған белесі жоқ. Оның барлығын тізбектейміз-ақ, әлем чемпионаттарындағы өнеріне тоқталсақ та жеткілікті деп ойлаймыз.

1982 жылы ол Италияға сапар шекті. Аленинн түбегінде Марадона тәуір ойнағанымен, Аргентина құрамасы екінші

кезеңнен аса алмады. Бразилияға қарсы бәсекенің 85-минутында өзіне қарсы тым дерекі ойнаған Жуан Батистаға қол жұмсағаны үшін Диего алаңнан қуылды.

1986 жылы Мексикада Диегоның жұлдызы жарқырай жанды. Команда капитанына тән мінез көрсетіп, өз отандастарын үнемі алға сүйреді. Италия (1:1), Болгария (2:0) және Оңтүстік Кореяны (3:1) артқа тастаған аргентиналықтар өз тобында бірінші орынды иеленді.



МАРКАСКА МАРАДОНА

Италияның қақпасына соғылған голдың аты – Марадона. 1/8 финалда Уругвайдан (1:0) басым түсті. Ширек финалда Англиядан (2:1) айласын асырды. Осы күнге дейін жанкүйерлердің жадында сақталып қалған мына бір қызықты оқиға дәл сол бәсекеде болған еді: Мексикоды «Ацтек» стадионында өткен кездесудің 51-минутында қақпашы Питер Шилтонмен таласқан Марадона бойынғы жетпейтін біліп, допты қақпаға қолымен итерсе салды. Бұл сәт теріш назарынан тыс қалып, соғылған гол есепке алынды. Арада төрт минут өткен соң дәл сол дарабоз Диего өз алаңынан бастап, жол-жөнекей ағылшының алты бірдей ойыншысын алдап өтті де, екінші мәрте допты қақпаға тоғытты. Бұл – әлем чемпионаттары тарихындағы ең әдемі голдардың бірі болды.

Кездесудің соңына қарай Англия есеп айырмашылығын қысқартқанмен, Бобби Робсонның шөкірттерінің одан әріге әл жетпеді. Сөйтіп ағылшындар үшін жарыс аяқталса, Аргентина жартылай финалға шықты. Кейіннен журналистер Марадоңан қолмен қалай гол соққаны жайында сұрағанда: «Ешбір дене мүшесім допқа тиген жоқ. Ол менің емес, Құдайдың қолы шығар» деп міз байлады.

Жартылай финалда Карлос Билардо баптаған команда Бельгияны 2:0 есебімен ұтты. Екі голды да Марадона соқты. Ақтық сында аргентиналықтар ГФР-мен кездесті. Алғашқы екі голды Хосе Луис Браун мен Хосе Вальдано соқса, көп ұзамай Карл-Хайнц Румменигге мен Руди Феллер таразы басым төнерсізді. Осы кезде Марадоның нағыз команда капитанына тән қасиеті айқын көрінді. 85-минутта ол Хорхе Бурчучаға 40 метрдей қашықтықтан қолмен өкпеіп алдына қойғандай деп ойлаймыз. 24 жастағы сурмерген мүлт кеткен жоқ. Бұл жеңіс добы еді. Есеп – 3:2. Осылайша, Ацтектер елі сапарынан Аргентина әлем чемпионы

1990 жылғы әлемдік доп доласы Италияда өтті. Марадона бұрынғыдай бабында болмаса да, өз командасын өрге сүйреудің барлық амалын жасады. Топтық түрінде Аргентина үшінші орында қалып қойғанына қарамастан, жиған ұпайының молдығынан плей-оффта күш сынасу құқығына ие болды. 1/8 финалда олар атағы алысқа жайылған Бразилиямен ойнады. Құрамында Таффарел, Рикардо Гомерс, Дунга, Алмеа, Карека, Ромарио, Бебето сынды жұлдыздары бар Себастьян Лазарони жетекшілік еткен командасы ойынның басынан аяғына дейін пайдалана алды деп айта алмаймыз. Аргентиналықтар көбіне-көп қорғанысқа мән беріп, қарымта шабуылға ара-тұра ғана жүгінді. Сондай сәттердің бірінде тағы да Диего дарапаланды. 81-минутта ол құйындай жүгіріп, бірнеше ойыншыны алдап өтті. Қарсыластар оны тоқтатуға тырысты. Үш ойыншының ортасында қалып қойғанына қарамастан, Марадона құлап бара жатып, алыста тұрған Клаудио Каниджаға дәл пас жеткізді. 23 жастағы жанжыбар шашты жалынды жас өз мүмкіндігін қалт жібермеді – 1:0.

Ширек финалда Югославияны (0:0, 3:2) пенальти соғу барысында жеңген Аргентина жартылай финалда Италиямен кездесті. Бұл бәсекеде жеңімпаз анықталмады – 1:1. Есеп 3:3-ке жеткенде, Марадона жеңіс голын соқты – 4:3. Финалда ГФР-ден (0:1) ұтылған аргентиналық футболшылар күміс медальды мойнына ілді. Ал Диего болса, біріншіліктің ең үздік ойыншылар тізімінде үшінші орынға тұрақтады. Жарыстың жабылу рәсімінде Марадона ФИФА президенті Жоао Авелланждың қолы алудан бас тартты. Футболшының пікірінше, финалдық ойында терішлер Аргентинаға көпе-көрнеу қиянат жасады. ФИФА басшылары соны көре тұра, жұмған аузын ашпады.

Италияның қақпасына соғылған голдың аты – Марадона. 1/8 финалда Уругвайдан (1:0) басым түсті. Ширек финалда Англиядан (2:1) айласын асырды. Осы күнге дейін жанкүйерлердің жадында сақталып қалған мына бір қызықты оқиға дәл сол бәсекеде болған еді: Мексикоды «Ацтек» стадионында өткен кездесудің 51-минутында қақпашы Питер Шилтонмен таласқан Марадона бойынғы жетпейтін біліп, допты қақпаға қолымен итерсе салды. Бұл сәт теріш назарынан тыс қалып, соғылған гол есепке алынды. Арада төрт минут өткен соң дәл сол дарабоз Диего өз алаңынан бастап, жол-жөнекей ағылшының алты бірдей ойыншысын алдап өтті де, екінші мәрте допты қақпаға тоғытты. Бұл – әлем чемпионаттары тарихындағы ең әдемі голдардың бірі болды.

Кездесудің соңына қарай Англия есеп айырмашылығын қысқартқанмен, Бобби Робсонның шөкірттерінің одан әріге әл жетпеді. Сөйтіп ағылшындар үшін жарыс аяқталса, Аргентина жартылай финалға шықты. Кейіннен журналистер Марадоңан қолмен қалай гол соққаны жайында сұрағанда: «Ешбір дене мүшесім допқа тиген жоқ. Ол менің емес, Құдайдың қолы шығар» деп міз байлады.

Жартылай финалда Карлос Билардо баптаған команда Бельгияны 2:0 есебімен ұтты. Екі голды да Марадона соқты. Ақтық сында аргентиналықтар ГФР-мен кездесті. Алғашқы екі голды Хосе Луис Браун мен Хосе Вальдано соқса, көп ұзамай Карл-Хайнц Румменигге мен Руди Феллер таразы басым төнерсізді. Осы кезде Марадоның нағыз команда капитанына тән қасиеті айқын көрінді. 85-минутта ол Хорхе Бурчучаға 40 метрдей қашықтықтан қолмен өкпеіп алдына қойғандай деп ойлаймыз. 24 жастағы сурмерген мүлт кеткен жоқ. Бұл жеңіс добы еді. Есеп – 3:2. Осылайша, Ацтектер елі сапарынан Аргентина әлем чемпионы

ӨЗІ ЖҮРЕТІН АВТОКӨЛІК КӨРДІҢІЗ БЕ?



Алдағы уақытта Tesla автокөліктері жүргізуші көмегінсіз, өздігінен жүретін болады. Себебі Илон Маск Теслада адамсыз жұмыс істей алатын толыққанды автопилоттың іске қосылғаны туралы хабарлады. Бір айта кетерлігі, Full Self-Driving бағдарламасы өзiрге драйверлер үшін бета-нұсқада ғана қолжетімді.

Толық автопилот Tesla көліктерінде адамға машинаны басқарудың және бұрынғыдай рульді ұстаудың қажеті жоқ. Өйткені электромобильдер кабинада өздігінен қозғалады. Маск атап өткендей, өзiрге FSD шектеулі бета-тест режимінде тәжірибеден

өтуде. Функция қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ету үшін өте баяу және мұқият жұмыс істеуде. Сол үшін компания FSD-дің жалпы нұсқасын қашан іске қосатыны белгісіз. Сондай-ақ енді Tesla көліктері қоршаған ортаны екі емес, төрт өлшемде қабылдайды.

Бұл өнімділікке оң әсер етеді дейді мамандар. Компания автопилот аяқталғаннан кейін FSD бағдарламасының толық интеграциясына қол жеткізуді көздеуде. Егер бета-сынақтар сәтті болса, Маск 2020 жылдың соңына дейін көпшілікке толыққанды автопилот ұсынуы мүмкін.

ДӨНГЕЛЕГІ ЖОҚ ВЕЛОСИПЕД

Вело компаниясының Reevo деп аталатын электронды велосипеді жайлы естідіңіз бе? Дөңгелектері жоқ, жаңа дизайнға жасалған GPS модулі бар велосипед адамның саусақ іздерін сканерлей алады. Ендеше көпшілікке беймәлім техникамен таныс болайық.



Велосипедтің таңдай қақтыратын түсі ерекше дизайны екені рас. Сондай-ақ ондағы GPS модулі қауіпсіздік жүйесін басқаруға қызмет етеді. Бұл пайдаланушы үшін үлкен мүмкіндік болары анық. Ал смартфонға арналған арнайы қондырғыда батареяның күйі, қозғалыс жылдамдығы, жүріп өткен қашықтық, жұмсалған калория жайлы толық ақпарат көрсетіледі. Қозғалтқышты қосу үшін орнатылған сканердің арқасында велосипед өз иесін жазбай таниды әрі бұл техниканың қолды болуына жол бермейді. Жаңа техниканың жаңалығы мұнымен бітпейді, себебі онда USB порты, жарық сенсоры, әдеттен тыс 800 CD / м2 фаралар, қозғалыс сенсоры және алмалы-

салмалы батарея орнатылған. Батареяны 3 сағаттың ішінде қуаттауға болады. Ал қараңғыда велосипед дөңгелегінде жарық диодты шам автоматты түрде іске қосылады. Велосипед 750 Вт электр қозғалтқышы арқылы қозғалады, максималды жылдамдық – 40 км / сағ. Бірақ бұл АҚШ тұрғындары үшін көрсетілген сипаттама, өйткені еуропалық нарық жағдайында қуат 250 Вт-қа дейін шектеулі. Велосипед 120 келіге дейінгі салмақты оңай көтере алады. Тұтынушыға қолайлы барлық мүмкіндікті қарастырған компания велосипед келесі жылдың наурыз айынан бастап қолданысқа енетінін айтты.

ҰШАТЫН КӨЛІККЕ ҚАШАН МІНЕМІЗ?

Таяу арада көліктердің жаңа тарихы жазылатын секілді. Себебі мамандар әуеге ұшақпен емес, көлікпен көтерілудің жолын іздестіруде. Айталық жуырда Түркия елінде Байкардан ұшатын машинаның алғашқы прототипі таныстырылды. Өндірушілердің айтуы бойынша, автокөлік сағатына 100 шақырымға дейін жылдамдықпен ұша алады.



Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

Байкар компаниясының Twitter-дері ресми парақшасында Sezer деп аталатын ұшатын автокөлік прототипінің бейнежазбасы жарияланды. Хабарламада «ұшатын көліктің ұлттық деңгейде әзірленгені және болашақ жарыстарға дайын екені» жазылған. Өзірлеушілердің айтуынша, бұл көлік 100 км / сағ жылдамдықпен 2 км биіктікке дейін көтеріле алады. Автокөлік серіз электр қозғалтқышы мен бұрандасы бар батареялармен жұмыс істейді, сондай-ақ 80 км-ге дейінгі қашықтықта ұша алады. Мамандар тұрғындардың пилот көмегінсіз, ақылды техника арқылы саяхаттағанын қалайды. Нәтижесінде осындай қайталанбас құрылғы құрастырылып, қыркүйек айындағы сынақтан сәтті өткен. Автокөлік нарыққа 10-15 жылдан кейін шығуы мүмкін деген болжам бар. Оған дейін тұрғындарға үйреншікті жол, күнделікті көлікпен жүре беруіне тура келеді.

ӘЗІРЛЕГЕН Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ЖҮДЫЗ - JORAMAL

(5 – 11 қараша)



ТОҚТЫ
Тағдырға қарсы келемін деп әуре болмаңыз. Бүгін жолыңыз болмағанымен, келер күні барлығы сәтпен болар. Қарапайым қалпыңызды сақтаңыз. Әріптестердің қызғанышын тудырудан аулақ болыңыз.



ТОРПАҚ
Сырт келбетіңізге мән беріңіз. Мақсатқа жету үшін біраз қадамдарға барасыз. Бірақ ойыңызбен, жоспарыңызды құпия ұстаңыз. Әсіресе әріптестер мен достарға тіс жармаған дұрыс.



ЕГІЗДЕР
Айналаңыздағылардың барлығы бірдей сіздің талғамыңызбен жүруі міндетті емес. Өзгелердің таңдауына түсіністікпен қараңыз. Әйтпесе, достарыңызды жоғалтып алуыңыз мүмкін немесе сізден көбісі теріс айналады.



ШАЯН
Өз көзқарасыңызды, өзгелер туралы пікірді өзгертіңіз. Жақын адамыңызбен қарым-қатынасыңыз алшақтап, түсініспеушіліктер орын алуы мүмкін. Қиялға ерік беріп, біраз уақытыңызды жоғалтып аласыз.



АРЫСТАН
Көлік алатын жағымды жаңалық болатын немесе белсенділік танытатын апта. Көтеріңкі көңіл-күй мен белсенділігіңіздің арқасында аяқталмаған біраз шаруаны тындырасыз.



БИКЕШ
Істеріңіздің барлығы алға басады. Бұл қарыстарыңыздың қызғанышын тудырады. Үлкен кісілермен және лауазымды тұлғалармен сөйлескенде абай болыңыз. Аңдамай сөйлеп, олардың көңіл-күйін түсіріп алмаңыз.



ТАРАЗЫ
Ұнатқан жаңа сөз салып, жүрегіңіздің иесін табатын күн келді. Шаңырақ құруды жоспарлап жүрсеңіз, нағыз сөз байласатын уақыт. Бүгінгі күн қандай істі болсын бастауға өте қолайлы сәт. Көптен бері ойға алған ішіңізді жүзеге асырасыз.



САРЫШААН
Серіктестермен қарым-қатынаста абай болыңыз. Тұмдаған мәселелердің барлығын тез арада шешіп отырыңыз. Бастысы, шешімді дұрыс қалыптастырыңыз. Еңбегіңіз ескеруісз қалмайды.



МЕРГЕН
Сізді бүгін тосынсыялар мен сый-сияпаттар күтіп тұр. Есесіне өзіңіз де мол қаражатты жұмсап жібересіз. Бірақ аландырмаңыз, жұмсалған ақша текке кетпейді. Келіссөз жүргізгенде абай болыңыз.



ТАУЕШКІ
Ойламаған жерден мол табысқа ие боласыз. Жылқымайтын мүлік немесе көлік аламын деп жүрсеңіз аптада сол ойыңызды жүзеге асырыңыз. Денсаулығыңызға көңіл бөліңіз. Өзіңізден жасы үлкен әріптестердің арқасында қызметте жоғарылауыңыз ғажап емес.



СУҚҢҒЫШ
Жетістікке жетуге деген талпынысыңыз оң нәтижесін береді. Мықты маман ретінде суранысыз ие боласыз. Достарыңызбен және сүйіктіңізбен қарым-қатынасыңыз жақсара түспек. Болып жатқан жағдайлар сізді көп алаңдатайды.



БАЛЫҚ
Өте керемет апта. Сауда жасауға да қолайлы. Демалыс күніңізді жақсы өткізесіз. Бұл күні көбісі сізге қызыға қарайды. Аптада жағымды жаңалықтарыңыз көп болмақ.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тансырыс №493